

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

**Б.И. НҰРДӘУЛЕТОВА**

**ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ақтау, 2009

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг  
университеті

УДК 801.1: 378.147.

Жауапты редактор: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жылқыбаева М.С.

Пікір жазғандар: Маңғыстау облыстық «Болашақ» университетінің  
доценті, ф.ғ.к. Ақбердиева Б.Қ.

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ доценті, ф.ғ.к. Әбішева Ш.С.

Н.86. Нұрдәулетова Б.  
Қазақ орфографиясыны мәселелері /арнаулы семинарға арналған әдістемелік оқу  
құралы/  
Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік университеті 2009. -58 бет.

ISBN 9965-565-76-7.

Әдістемелік оқу құралы қазіргі қазақ жазу емлесінің өзекті мәселелерін ЖОО  
студенттеріне меңгертуге арналған. Белгілі қазақ лингвистерінің пікірлері келтірілген,  
салыстырулар, талдаулар жасалынған. Студенттерді ізденіске бағыттайтын практикалық  
тапсырмалар берілген.

Оқу құралы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне, мектеп  
мұғалімдері мен оқушыларына, сондай-ақ сауатты жаза білуге мүдделі өзге да оқырманға  
арналған.

Н 4062020400  
00(05)-04

ББК 81.2. Каз.9

ISBN 9965-565-76-7.

Нұрдәулетова Б., 2009  
Екінші басылым.

Ш.Есенов атындағы Каспий  
мемлекеттік технологиялар және  
инжиниринг университеті

## АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, оны қоғамдық – саяси қолданыстағы жоғары сатылы тіл дәрежесіне жеткізуде бірізді жазу емлесінің ролі үлкен.

Қазақ орфографиясының өзекті мәселелерін сөз ететін арнайы пән мектеп бағдарламаларында да, жоғарғы оқу орындарының стандартында да жоқ. Ал болашақ тіл мамандары мен қоғам қайраткерлерінің, мемлекеттік қызметкерлердің сауатты жазу дағдысын мектеп табалдырығынан бастап қалыптастыру үшін мұндай пән қажет-ақ.

Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің 050117-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының оқу жоспарына 1996 жылдан бері қарай «Қазақ орфографиясының арнаулы семинары» енгізіліп, дәріс оқылып келеді.

Аталған арнаулы семинар төмендегіше мәселелерді қамтиды:

1. Кіріспе. Орфография термині, орфографиялық ұстаным туралы түсінік;
2. Қазақ тілінде жазу емлесінің қалыптасу тарихынан;
3. Қазіргі қазақ жазу емлесінің негізгі ережелері;
4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері, олардың түрлі басылымдарындағы өзгешеліктер, оның себептері мен уәждері;
5. Қазақ тілінің жазу емлесіндегі қайшылықты мәселелер;
6. Бөлек және бірге жазылатын сөздер, оларды ажыратудың критериилері;
7. Сөздердің жарыспалы нұсқалары /вариант сөздер/, олардың жазылу емлесі туралы.

Студенттерді сауатты жаза білуге, қазақ орфографиясының қазіргі таңдағы өзекті мәселелерін дұрыс танып, ғылыми негізде талдау жасай білуге дағдыландыру үшін практикалық жұмыстарға көбірек тартудың мәні зор. Сондықтан арнаулы семинар жүргізу барысында қазақ орфографиясының келелі жайларынан дәріс оқылып қана қоймай, студенттердің өз беттерінше қазақ тілінің жазу емлесіндегі күрделі қайшылықты мәселелеріне талдау жасауына мүмкіндік беріледі. Ол үшін төмендегіше практикалық жұмыстар мен тапсырмалардың тақырыптары берілген:

1. Қазақ жазу емлесінің қалыптасу тарихын зерделеу бағытында ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қазақ алфавиті, орфографиясы, терминологиясы жөнінде баспасөз беттеріне шыққан материалдарға шолу жасау /конспектілеу, тезистеу, ауызша талдау, анализдеу/
2. 1963, 1978, 1983 жылы шыққан сөздіктерге салыстырулар жасау: а) емле ережелердің мазмғындағы, ә) реестрдегі сөз мөлшеріндегі, б) кейбір жеке сөздердің жазылымындағы алшақтықтарға назар аудару, талдау.
3. Ғылыми оқулықтар мен баспасөз беттеріндегі қазақшаланған терминдердің жазылымына назар аудару /жеке тапсырмалар беріледі/.
4. Қазіргі қазақ орфографиясының емле- ережелеріндегі қайшылықты мәселелер жөнінде тілші- ғалымдардың пікір- таластарына

шолу жасау, талдау, өз пікірін ұсыну /С.Мырзабеков, Р.Сыздықова, Қ.Есенов, Б.Қалиев т.б. ғалымдардың оқулықтарында не баспасөз беттерінде айтылған пікірлері негізінде/

5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктеріндегі жасалу уәждері бірдей, лексика-семантикалық тұрғыдан бірыңғай сипаттағы, бірақ түрліше жазылатын күрделі сөздерді теріп жазып, талдау жасау;

6. Сөздіктердегі варианттас сөздерді теріп жазу.

Көрсетілген тапсырмалардың кейбіреулері жалпы аудиторияға арналса, енді біреулерін әр студентке жекелеп, бөліп- бөліп жүктеуге тура келеді. Сондай-ақ қазақ орфографиясының арнаулы курсынан негізгі жүйелі оқулық әлі болмағандықтан, студенттерге конспекстілеуге ғылыми еңбектер ұсынылады.

1. Р.Сыздықованың «Емле және тыныс белгілері» /Алматы: Рауан, 1996/ еңбегі осы арнаулы курстың бірден –бір негізгі ғылыми материалы болып табылады. Сондықтан әр тақырыпқа қатысты аталған еңбектің бөлімдері конспекстілеуге беріледі.

2. С.Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі» /Алматы: Сөздік-словарь, 1999/ оқулығының 173-175 беттері.

3. А. Байтұрсынов «Тіл тағылымы» /Алматы: Ана тілі, 1992 / оқулығының 379-411 беттері.

4. Қ. Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» /Алматы: Ғылым, 1999/ оқулығының 330-341 беттері.

5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі /Алматы: 1988/ 7-13 беттері.

6. Н. Уәлиев, А. Алдашева «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар /Алматы: Ғылым, 1988/ барлық бөлімдер бойынша конспект жасау

7. «Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер» /Алматы: Ғылым, 1993.

## 1. Кіріспе. Орфография термині, орфографиялық ережелер туралы түсінік

Гректің orthographia, orthos - «дұрыс» және grapho – «жазамын» мағынасындағы сөзінен шыққан орфография термині лингвистикада «тарихи қалыптасқан жазу жүйесі» және «біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы» /1.159 / деген мағынада қолданылады.

Орфография тілдің белгілі бір даму кезеңіндегі жазба тілдің нормаларын айқындайды, оның негізгі бөлімі дыбыстарды /фонемаларды/ әріппен белгілеу мәселесімен айналысады. Дыбыс пен әріп тіл біліміндегі бір- бірімен тығыз байланысты әр екі басқа ғылымдар деуге болады. Себебі: дыбыс ауызша тілдің материалы, әріп – жазба тілдің материалы. Ауызша тіл- алғашқы да, жазбаша тіл- кейін қалыптасқан, адамзат ой- өрісі, мәдениеті дамуының жемісі. Әуелде жазбаша тіл ауызша тілді таңбалау үшін ойлап табылған ауызша тілдің қызметшісі болса, қазіргі кезде жазбаша сөйлеу, ойды жазбаша жеткізу басымдыққа ие болып, ауызша айту жазуға бағынатындай күйге жетті.

Дыбыстық жазу сөйлеу дыбыстарын дәл бейнелей алмайтындықтан, сөйлеудің жазбаша формасы мен ауызша формасы үнемі сәйкесе бермейді.

Жазуды белгілі бір жүйеге салып отыру үшін орфография үлкен қызмет атқарады.

Әрбір тілдің өзінде қалыптасқан жазу емлесі бар. Емле белгілі бір орфографиялық ұстанымдарға бағындырылады. Қазақ орфографиясында морфологиялық - фонематикалық және фонетикалық, сондай- ақ дәстүрлі ұстанымдар негізге алынады. Морфологиялық - фонематикалық ұстаным бойынша дыбыстардың сөз ішіндегі және сөз арасындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей негізгі фонемалық мәні сақталып жазылады немесе сөз түбірінің бастапқы қалпы сақталады. /2.11-13/.

Қазақ орфографиясында морфологиялық ұстаным мынадай орындарда көрініс береді: 1. Түбір мен қосымша арасында қатар келген екі дыбыстың бір-біріне ықпалы ескерілмей, сөздің түбірі сақталып жазылады. Мысалы, *сөз+шең - сөшшөң, жұмыс + шы- жұмұшышы, аш+са- ашша, іш+сең - ішшең, із+шіл – ішшіл, қашан+ғы – қашаңғы, түн+гі- түңгү.*

2.Сөз аралығында /біріккен, тіркескен, қос сөздерде/ қатар келген екі дыбыстың әсері ескерілмейді, түбірі сақталады. Мысалы, *жанбағыс - жамбағыс, ешкіөлмес-ешкөлмес, алмакезек-алмагезек, жанқияр- жаңғияр т.б.*

Фонетикалық ұстанымда сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне әсері басымдық танытады, сөз айтылуынша/ естілуінше/ жазылады. Мысалы, *кітап- кітабы, тарақ-тарағы, бірақ ерін үндестігі /құлық-құлқу, өрік- өрүк/, ый,ій, ұу, үу дыбыс тіркестері /тыйын, тійін, куір, күнІу/ бұл ұстанымда ескерілмейді.*

Фонетикалық ұстанымның көрінетін тұстары:

1. Қазақ тіліндегі сөздерге 4 түрлі жалғау, жұрнақтардың көпшілігі сөздің соңғы буынындағы дыбыстардың жуан- жіңішкелігіне орай жуан не жіңішке жалғанады: *бала-лар-дың, үй-лер-іміз-ге, адам-дың, көп-шілік т.б.*

2. Қатаң п,к,қ дыбыстарынан аяқталған сөздерге дауыссыздан басталған қосымша жалғанғанда қатаң дыбыстар ұяң естіледі. /айтылады/: *қонақ-қонағы, парақ-парағы, бөлік- бөлігі, талап-талабы.*

3. Қазақ тілінде п дыбысынан аяқталған етістіктерге көсемшенің - ып, -іп жұрнағы жалғанғанда қос П дыбысы қатар айтылмай немесе алдыңғысы ұяндамай, түбірдегі П дыбысы үнді У дыбысына айналып кетеді және сол өзгеруінше жазылады: *кеп+іп – кеуіп, жап+ып – жауып, шап+ып – шауып.*

4. Бірқатар біріккен сөздер әр компонентінің түбір тұлғасын сақтамай, естілуінше жазылады: *белбеу, қолғабыс, қолқап, бүгін.* (1963 жылғы Орфографиялық сөздікте мұндай сөздердің жазылуын дәстүрлі принцип деп көрсеткен). Бұл тәрізді фонетикалық принциппен жазылатын біріккен сөздердің санаулы екені, олардың орфографиялық сөздікте берілетіні Р.Сыздықованың «Анықтағышында» ескертіледі.

5. Орыс тілінен ертеректе еніп дыбысталу жағынан өзгеріп кеткен бірқатар сөздер фонетикалық принциппен қазақша айтылуынша жазылады: *самаурын, бәтеңке, шүген, божы, болыс, шәйнек т.б.* (аталған сөздікте дәстүрлі принципке жатқызылған).

6. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қарай өзгерген күйінде, айтылуынша жазылады: *әділ /адл/, пайда /файда/, ақпар /эхбар/, ақыр /ахир/, қайран /хэйран/, қате/хәта/, дүние /дүниша/, нәпсі /нафс/, өсиет /уасиәт/, ауа /Һауа/, әлек /Һәлек/, мазақ /мәзіх/.*

Дәстүрлі ұстанымның қазақ тіл орфографиясындағы көрінісі ретінде 1963 жылғы Орфографиялық сөздікте «естілуінше жазылып қалыптасқан *белбеу, түрегел, ашудаз, әнәугүні, алдыңгүні, бүгін, бүрсігүні, алаңғасар т.б.* сөздерінің, араб, парсы, орыс тілдеріне еніп, қазақ тілінің фонетикалық құрылымына ыңғайланып, айтылу бойынша жазылып қалыптасқан, *ақыл, саясат, тәлім, кәмпит, кәрзеңке, самаурын т.б.* тәрізді сөздердің жазылуы» жатқызылып, оқулықтарда да солай түсіндіріліп келсе, кейінгі оқулық, анықтағыштарда /3,4,5/. жоғарыда аталып өткен *белбеу, ашудас, самаурын, тәлім т.б.* сөздердің жазылу емлесі фонетикалық ұстанымға, ал орыс, араб, парсы сөздерінің төл тілдеріндегі бастапқы орфограммасын сақтай жазылуы дәстүрлі ұстанымға жатқызылып жүр. /Мысалы, *колхоз, алгебра, жиһан, қаһарман т.б.*/

#### • Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Дәстүрлі ұстанымның тілдегі көрінісі 1963 жылғы және 1983 жылғы сөздіктерде түрліше түсіндірілетін себебі не?

2. Фонетикалық және фонематикалық ұстанымның, фонематикалық және морфологиялық ұстанымның, фонетикалық және

*дәстүрлі ұстанымдардың айырмашылығын көрсетіп, мысалмен дәлелдеңіз.*

*3. Фонетикалық ұстаныммен жазылатын біріккен сөздерге 1983 жылғы орфографиялық сөздіктен 15 мысал жазыңыз.*

## **2. Қазақ тілінде жазу емлесінің қалыптасу тарихынан.**

Қазақ тілінде жазу емлесінің даму тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұған сол кезеңде ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуы негіз болды деп айтуға болады.

Қазақ тілінің өзге де проблемалары тәрізді, қазақша жазу мәселесі туралы мәселе алғаш рет қазақ баспасөзінде бой көрсете бастады.

«Дала уалаяты» газеті осы мәселеде пікірталастар ұйымдастырып, қазақ оқығандарының назарына ұсынып отырды. Баспасөз бетіндегі қазақ емлесіне қатысты пікірталастарды негізінен мынадай мәселелер айналасында жүйелеуге болады:

1. Қазақ тілінің тазалығы үшін күрес; сырттан алынған терминдерді дұрыс жазу мәселесі;

2. Араб алфавитінің қазақша сөз жазуға қолайсыз жақтары: араб алфавитін өзгерту жайы;

3. Қазақ жазбасына орыс графикасын қолдану;

4. А. Байтұрсынов реформаланған араб графикасына негізделген қазақ жазуы туралы; Аталған мәселелерге жеке-жеке тоқталайық.

**1-мәселе.** Қазақ тілінің тазалығы үшін күрес, сырттан алынған терминдерді дұрыс жазу мәселесі.

Қазақ тілінің татар – ноғай тілдерімен шұбарланып бара жатқанын, қазақтың ауызша тілі – таза қазақ тілінде, ал жазу тілі мүлде басқаша болып, халықтың сауаттанып, ғылым, білім алуы үшін үлкен қиындықтар келтіріп отырғандығы жөнінде қынжылыс білдірген мақала авторлары алғаш А. Құрманбаев, Д. Сұлтанғазиндер болды. (А. Құрманбаев « Қазақ тілі турасында ДУГ №27 1894 . Д.Сұлтанғазин «Қазақ тілінше жазу туралы ДУГ №31, 32, 1896). А. Құрманбаев қазақ тілінде кездеспейтін ғылыми терминдерді басқа тілден, соның ішінде, орыс тілінен алудан қашпақ керектігін баса көрсетсе, Д. Сұлтанғазин шет тілден енген сөздерді жазу емлесіне қатысты, екі топқа жіктеуді ұсынады: біріншісі, қазақ тіліне ертеректе еніп, қазақ тілінің фонетикалық заңына бағынып, бастапқы тұлғасын өзгерткен сөздер осы өзгерген қалпында жазылу керек, екіншісі - қазақ тіліне кейін, көбінесе жазбалар арқылы еніп, әлі түп нұсқасы ұмытылмаған сөздер. Бұларды жазғанда, олардың сол тілдегі жазылу дағдысын сақтау керек деген принципті ұсынады.(6.13 )

**2-мәселе.** Араб алфавитінің қазақша сөз жазуға қолайсыз жақтары: араб алфавитін өзгерту жайы;

Араб алфавитінің қазақ сөздерін жазуға қолайсыз екендігін алғаш сөз қылушылар ( Р.Дүйсенбаев; Д.Сұлтанғазин, О.Әлжанов т.б ) араб

алфавитінің екі үлкен кемшілігін көрсетеді: 1) Араб тілінде дауысты дыбыстар кемшін болғандықтан, жазуда қазақ тіліндегі дауыстыларды таңбалайтын әріптің жоқтығы, 2) араб графикасында тыныс белгінің болмайтындығы Бұған қатысты қазақ жазуы үшін араб алфавиті жарамсыз, оны толықтыру керек не басқа алфавит жасау керек, орыс графикасын пайдалану керек деген пікір айтылды. Тыныс белгінің жоқтығы туралы қынжылысқа «Дала уалаяты» газеті бірден үн қосты. Газеттің 1896 жылы 5 тамызда шыққан 31- санында, тыныс белгілерінің жаңа жүйесі туралы хабарлама жарияланды. /6.194;6.157;6.99;6.1/

**3-мәселе.** Қазақ жазбасына орыс графикасын қолдану;

Қазақ жазбасына орыс графикасын қолдану мәселесін бірен – саран қазақ оқығандары мен негізінен орыс ғалымдары көтерді. Олар орыс графикасын қазақ жазбасына қолданудың екі түрлі жобасын ұсынды. Қазақ университетінің шығыстанушы ғалымдары В.В.Радловтың, Н.И. Ильминскийдің тәжірибелеріне сүйеніп, орыс алфавитіндегі әріптерге қазақ дыбыстарын дәл бейнелейтін қосымша таңбалар қосып пайдалануды ұсынса, Петербург университетінің шығыстану факультеті ғалымдары орыстан өзге халықтардың жазбасына орыс графикасын ешбір өзгеріссіз қолдануды жақтайды. Бұл жөнінде Н.И. Ильминский, В.В. Григорьев, А. В. Васильевтердің мақалалары жарияланды.

**4-мәселе.** А. Байтұрсынов реформалаған араб графикасына негізделген қазақ жазуы туралы;

Қазақ жазу емлесін жөнге салудың орыс графикасынан басқа, төте жолын ұсынған қазақтың ағартушы ғалымы – А. Байтұрсынұлы болды. Ол араб графикасын қазақ дыбысына ыңғайлап, жазба әліпбиі түзу керек деген идея көздеді. Осы зерттеу жұмысын 1912 жылы «Айқап» журналының № 4 ,5 сандарында көлемді мақала етіп, «Жазу тәртібі» деген тақырыппен жариялайды. Мақалада автор қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке айтылатын буын табиғатын көрсете отырып, жуан және жіңішке дыбыстарды ажырататын белгі (дәйекше) енгізу қажеттігін айтады, тәртіпті жазу болу үшін дыбыстың бас- басына бір-бір әріп болу керектігін, ал қазіргі қолданып жүрген араб әліпбиінде бір әріппен бірнеше дыбысты немесе бір дыбысты бірнеше белгімен таңбалайтынын жазады.

Аталған мақалаға орай «Қазақ, Айқап» беттерінде қызу пікірталас орын алады.

«Айқаптың» келесі санында Шахзаман Жияшевтің «Бірге қозғалайық» деген атпен пікірі жарияланады. Ол бүкіл мұсылман қауымы ғасырлар бойы пайдаланып келген әліпбиді өзгертем деу ақылға сыймайды, күллі түркі халқынан қазақты бөлектегің келеді деп дау айтады. Ахмет Байтұрсынұлы бұл дауға жауап қайтарады. «Шахзаман мырзаға» деген мақаласында жеке – жеке дыбыстарды белгілейтін әріптерге тоқталып, әрқайсысының жазылу, қолдану ерекшеліктеріне мысалдар алып, араб грамматикасы (наху –сарфы) мен орысша



грамматиканың ереже – қағидаларын үлгі ете отырып, өз ұсыныстарын дәлелдейтін тұжырымдар айтады. (7.387 )

М. Дулатов «Азамат Алашұғлы» деген бүркеншік атпен «Айқап» журналы бетінде А.Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі туралы оң пікір білдірді. Әліпбидің бұрынғы басы артық дыбыстан арылып, қазақ тілінде қанша дыбыс болса, сонша белгі алған өзгерісін қолдай келіп: «А. Байтұрсынұлының жазу тәртібін ұнатқанымнан басқа қосарым мынау: қазақ әріптеріне «Ф» мен «Х» да кірсе екен деймін...«Ф» мен «Х» әліппеге кіргеннен жазу тәртібіне қиыншылық келтірмейді» (6.22) дейді. А. Байтұрсынұлының жазба әліпбиін мақұлдап мақала жазғандардың бірі – Ахмет Жанташы – кейбір екі түрлі таңбаланатын әріптердің бір сыңарын әліпбиден шығарып тастау туысқан түркі тілдес халықтардың бірін – бірі түсінуіне қиындық туғызады- деген пікір айтады. Жалпы араб әліпбиімен сөз жазудың жаңа емлесі тек қазақ халқы емес, күллі түркі халқының арасында қызу айтыс туғызды. Жаға әліпбиге өту, өтпеу туралы екідай пікірдің айналасында «қазақ» газеті мен «Айқап» журналы екі басқа бағыт ұстанды. «қазақ» газеті А. Байтұрсынұлының тізген әліпбиін қолдап, соны қорғау жолында жанын салса, «Айқап» журналы, керісінше, татар халқының жазу үлгісінен айырылмауға тырысып бақты. (6.25)

А. Байтұрсынұлы 1913 жылы татар баспасөзі «Шора» журналында «қазақша сөз жазушыларға» деген мақаласын жариялап, онда өзі тізген араб жазуына негізделген қазақ әліпбиіне дау айтушыларға ғылыми – теориялық тұрғыда жауап береді. Түркі тілдерінің түбі бір туыстығын ғылыми лингвистикалық жағынан терең зерттеп, оның жеке тілдердің бұтақтарына жіктелу жолын баяндайды.

А. Байтұрсынұлы ұсынған араб графикасына негізделіп, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне, фонетикалық заңдылығына бағындырылып, реформаланған бұл әліпбидің қазақ халқы үшін ғана емес, ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің дәстүрлі тарихы бар өзбек, татар сияқты халықтар үшін де қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, баспа жұмысының дамуына зор үлесі болды. А. Байтұрсынұлының әліпбиін күні бүгінге дейін бірқатар шет елдегі (Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия) қазақ диаспораларының пайдалануы оның өміршеңдігінің айқын дәлелі болып отыр. А.Байтұрсынұлы реформалаған араб графикасына негізделген қазақ жазуы ресми түрде 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында қабылданды. Бұл кезеңде қазақ ғана емес бүкіл түркі мәдениетінде жазудың жаңа түріне көшу туралы мәселенің өршіп тұрған кезі еді. Әсіресе латын графикасына көшуді жақтаған дауыстар басымдыққа ие бола бастады. Бұл басымдық 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық Түркологиялық съезде айқын көрінді. Съезд делегаттары бірі – арабша, екіншісі – латынша жазуды қолдап, жақ-жақ болып айтысады. Айтыс кейін баспасөз бетінде жалғасады. Ақыры 1929 жылы 24 қаңтарда «Жаңа алфавит туралы» қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы шығып, латын әліпбиі қабылданды. /8.190/.

Жаңа әліпби жаңа емлені қажет етті. Алдымен латын жазуында бас әріптің болмауынан қиындықтар туындап, баспасөз бетінде бас әріп туралы пікірталастар өрбіді. 1930 жылы бас әріпке байланысты арнайы қаулы алынды.

1929 жылы ғылыми конференцияда /Қызылорда қаласы/ жаңа емле талқыланды. Емледе қай ұстанымды негізге аламыз /морфологиялық па, фонетикалық па/, термин сөздерді қалай жазамыз деген мәселе басты мәселе болып саналды.

Қ. Жұбанов («әліппеміз бұқарашыл болсын») (стеннограммадан үзінді) 1929 жылы аталған конференцияда сөйлеген сөзінде « ... мен сөз негізі – туысынша, жалғауы дыбыс жүйесінше жазылу керек дер едім. Себебі сөз түбірі белгілі жолмен кейде болмаса, тіпті өзгермейді» деп көрсетеді.

«Жалғауды бәрібір туыс негізімен жаза алмас едік, неге десеніз , жалғауды туыс жағынан әлі ешкім жете білмейді», - дейді.

1935 жылы «Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде» жарияланған «қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы» мақаласында қазақ тілінің 1929 жылы бекітілген емлесіне сын айтады. қазақ тіліндегі термин сөздердің әркелкілігін, оны бірізге салатын тұрақты емле- ереженің жоқтығына қынжылыс білдіре келіп: «Шынында, дұрыс жазу деген – қазақтың өз сөздерінің «таза» қазақша сөздердің ғана правосы болып, емле сонымен ғана тұрып қалмау керек, қазақтың әдеби тілінде кездесетін сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсысының өзінің меншікті тұрақты таңбасы жазылған түрінен басқаша жазудың бәрі де қате делінетін болу керек; бірақ ол үшін мына сөз «таза» қазақша, мынаның тегі жат деп, сөз – сөздің тегін қазып жатудың қажеті жоқ, тегі қайдан шықса да, бәрібір қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі деліну керек»- дейді. Әсіресе халықаралық терминдерді бірде түбірін сақтап, бірде қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына бағындырам деп тұлғасын бұзып (*мысалы: коммунст: көменес, көмунес, көмунис т.б*) жазу арқылы емледегі ала – құлалыққа жол беріліп отыр. Мұндай жолсыздық қазақтың төл сөздерін жазуда да кездеседі . *Ы, І* дыбыстарының кейде көмескіленіп естілетін орындарында олардың әріптері бірде жазылып, бірде жазылмай, сондай-ақ сөз басында *А* және *ә, Е* және *І* әріптерінің бір – бірімен алмасып кетуімен де байланысты (*мысалы: асра – асыра, жамра – жамыра, Ахмет- Ахымет; едәуір – әдәуір, ешкім – ішкім т.б*) түрліше жазылатын сөздер баршылық.

Емледе түбегейлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – «түбірі басқа – басқа болғанымен, кірігіп бір мағыналы бір сөз болып кеткен құрамды сөздердің емлесі». Мәселен, *жарғанат- жарғанат, жарғанат, қолғабыс – қолғабыс –қолғабыс, бара жатыр – баражатыр – баратыр т.б*

С. Жұбановтың 1929, 1935 жылдардағы сыни ойларына дерек болған бұл мәселелер әлі күнге күн тәртібімен түспей, шешімін толық таппай келе жатқан емлеміздің жанды тұстары болып отыр.

- **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. *А.Байтұрсынов реформаланған “Төте жазу” бойынша мәтін жазып, оның қазіргі кириллицамен жазудан қандай ерекшелігі бар екенін өз мүмкіндігіңше түсіндіріңіз.*

2. *А.Құрманбаев, Д.Сұлтангазин, О.Әлжанов, Р.Дүйсенбаевтың жоғарыда сөз болған мақалаларына қысқаша конспект жасаңыз. /кітапхана: қазақ тілі жөніндегі революцияға дейінгі зерттеулер. А., 1989 13-беттер/.*

### **3.Қазақ орфографиясының негізгі ережелері**

Тіл мәдениетінің мәртебесін айқындайтын көрсеткіштің бірі- жазудағы бірізділік. Мұның өзі алдымен тілдің емле ережесі мен сөздігінің сапасына байланысты.

Қазақ жазуы күні бүгінге дейін 1957 жылғы 5 маусымда қабылданған емле – ережелерді пайдаланып келді. Бұл ережелер 1940 жылы жаңа графикаға көшумен байланысты жасалған емле заңдарының негізінде өңделіп, толықтырылып жаңадан түзетілген болатын.

Кейіннен Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл Білімі институты мен Қазақ ССР Оқу министрлігі 1957 жылғы орфографиялық ережелер кодексіне толықтырулар мен түзетулер енгізіп, оның жаңа редакциясын ұсынды. Ол ресми түрде қабылданып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1983 жылғы 25 тамыздағы указымен бекітілді. 1988 жылы қазақ орфографиялық сөздігінің 3-ші басылымы жарық көрді. қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері 9 бөлімнен тұрады.

#### **I. Әріптердің емлесі.**

Мұнда *а,ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э* әріптері жалаң дауыстылардың, *е, и, ю, я, у* әріптері қосынды дауыстылардың да, кейде жалаң дауыстылардың да (мысалы, елка – слет, иі- кино, аю – бюро т.б) таңбасы ретінде қолданылады. *ө, о, ұ, ү* әріптері жалаң сөздердің бірінші буынында жазылады. (кейбір сөздерден басқа : *сірә, мағлұм*). *и* әрпі *и* дыбысының да, *ый, ій* қосарлы дыбыстарының да орнына жазылады (тый, сый дегенде ғана ый, ій түрінде). *яя, ю* әріптерінің алдында *ы, і* орнына *и* әрпі жазылады. (мысалы, тақыя – тақия, дарыя- дария).

*йы, ій* дыбыстар тіркесі мен *ы, і* дыбыстарына бітетін етістіктерге көсемшенің –*й* жұрнағы жалғанғанда, соңғы – *ый, - ій* әріптерінің орнына бір ғана *и* жазылады: *байы + й+ ды* (байыйды, баиды емес)- *байиды, оқы+йды- оқиды*(оқыйды емес) *й* дыбысына бітетін етістікке тұйық райдың – *у* жұрнағы – *ю* түрінде, көсемшенің – *ки +у -кию, қи+ады+- қияды*.

*а* жұрнағы – *я* түрінде жазылып жалғанады: *қи+а – қияды, си+а- сияды*

*У* әрпінің қолданылуына байланысты 3 түрлі ереже көрсетіледі:

а) дауысты – *у және* дауыссыз, үнді – *у* дыбыстарын таңбалайды;

ә) *ы,і* дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың – *у* жұрнағы жалғанғанда *ы,і* дыбыстары түседі; (мысалы , *оқы- у* ) *ыу, іу* дыбыс әріптерінің орнына бір ғана *У* әрпі жазылады;

б) *у* дыбысына бітетін етістікке тұйық райдың – *у* жұрнағы жалғанғанда, оның түбірі өзгертілмейді; екі *у* әрпі қатар жазылады (мысалы,*қу+у- қуу*).

*ю: -й* мен *у* дыбыстарының қосындысын таңбалайды., бірақ кей сөздерде *йу* дыбыс тіркесі таңбаланады: *хайуанат, айуан, кейуана, миуа*.

Дауыссыз дыбыстардың жазылуына байланысты ережеде әсіресе *ш* әрпінің жазылу емлесіне байланысты ала құлалықты ерекше атауға болады: қазақтың байырғы *ащы, тұщы* сөздерінде қос *ш-ны ш* түрінде таңбалаймыз, бірақ қосымшаның арасында қос *ш* келгенде *ш* жазылмайды: *қаш-шы, қос-шы /айтылуы қошшы/*

## **II. Түбір сөздердің жазылуы.**

Қазіргі қазақ тіліндегі түбір сөздердің жазылуы жеке сөздердің айтылуынша емес, негізгі тұлғалары сақталып морфологиялық ұстаныммен жазылуына негізделеді. Кейбір орыс сөздері өз тіліндегіше дәстүрлі ұстаныммен жазылады, араб, парсы тілінен еніп, қазақша айтылумен қалыптасқан сөздер фонетикалық ұстанымға негізделеді.

## **III. Бөлек жазылатын сөздер.**

Бөлек жазылатын сөздерге мемлекет, облыс, мекеме, ұйымның ресми күрделі атаулары, күрделі сөз таптары

(сан есім, сын есім, етістіктерге), анықтауыш пен анықтауыш тіркестен құралған күрделі сөздер, идиомалық, фразеологиялық тіркестер жатқызылады.

## **IV. Бірге жазылатын сөздер.**

Бірге жазылатын сөздерге, негізінен тұлғасы өзгертіліп біріккен сөздер, екі не үш түбірден құралып біріккен терминдер мен аң, құс, жан-жануар, құрт – құмырсқа атаулары, *еш, әр, кей, бір,қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер (зат есімдер бұған кірмейді), бірінші сыңары аралық, тану, сымақ сөздерімен немесе бірінші сыңары *фото, электр, радио, авто, авиа, аэро т.б* , ал екінші сыңары қазақ сөздері болып келетін тіркестер, кісі, жер – су атаулары жатқызылады.

## **V Қос сөздердің жазылуы**

Қос сөздердің бәрі дефис арқылы жазылады.

## **VI. Қосымшалардың жазылуы.**

Алтыншы бөлімнің өзі 13 пункттен тұрады. Оның 3 пункті қазақ тілінің үндестік заңына байланысты қосымшалардың түбірге таңдап қосылатынын көрсетеді.

(1.- сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне орай қосымшада жуан не жіңішке жалғанады, 2.- сөздердің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымша – қатаңнан, соңғы дыбысы ұяң мен үнді болса, қосымша ұяң мен үндіден басталып жазылады, 3. – қосымша дауыстыдан басталса, түбір соңындағы к,к,п дыбыстары ұяңдап, *з, з,б* (немесе *у*) болып өзгерген күйінде жазылады).

2 пунктінде сөздер фонематикалық қалпына бағынбай морфологиялық тұлғасын сақтап жазылатыны көрсетіледі. (1.- сөздің соңғы дыбысы *с* немесе *з* болып, оған *с,ш* дыбыстарынан басталып, қосымша жалғанғанда түбірдің соңғы дыбысы өзгермей жазылады, 2.- сөздің соңғы дыбысы *н* болып оған *з, з, б* дыбыстарының бірінен басталып, қосымша жалғанғанда, ол дыбыс өзгермей жазылады). Ал 4 пункті орыс тілінен енген сөздерге қосымша қалай жалғанатынын заңдастырады (1.-*нд,мп,кт, нг, нб, ск, фт*)- дыбыс тіркестеріне біткен сөздерге қосымша *ы, і* дәнекері арқылы жалғанады, 2.- *сс, лл, кк, тт* сияқты қосар дыбыстар тіркесіне біткен сөздерге қосымша жалағнғанда соңғы бір дыбыс әріптері түсіріліп жазылады, -ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалынған фамилияларға қосымша түбір сөздің соңғы буынына орай не жуан, не жіңішке жалғанады).

Қалған 2 пункті қысқарған сөздер мен тырнақшаға алынған сөздерге қосымша қосылып жазылуына арналады.

### **VII. Шылау сөздердің емлесі.**

Шылау сөздердің жазылуы 3 түрлі : 1.Бөлек жазылады; 2. *ақ, ау, мыс, міс, ай* шылаулары түбірден дефис арқылы бөлініп жазылады; 3. *ма, ме, па, пе, ба, бе* шылаулары түбір мен қосымша арасында қолданғанда *мы, мі, бы, бі, ны, ні* түрінде фонетикалық өзгеріске ұшырап бірге жазылады.

### **VIII . Бас әріптің қолданылуы.**

Бас әріппен жазылатын сөздердің 4 түрлі уәждемесі көрсетіледі : 1. нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әрбір жолы; 2. жалқы есімдер; 3. күрделі есімдерден құралған жоғарғы мемлекеттік дәрежедегі мекеме, ұйым атаулары, мемлекеттік дәрежедегі атақ, дәреже атаулары; 4. қысқарған сөздер.

### **IX. Сөздердің тасымалдануы.**

Сөздердің тасымалдануына байланысты 3 пункт берілген. Бірінші пункт бойынша сөз буын жігіне орай тасымалданады, екінші пункте *и,у* дыбыстарымен келген сөздердің буындалуы мен соған орай тасымалдануының 2 түрлі жағдайы көрсетіледі: а) екі дауыстының ортасында келген *и,у* дыбыстары бар сөздер (*дауыс, дайын*) буындалғанда, *и,у* дыбыстары келесі буынның басында келеді (*да-уыс, да-йын*) және солай тасымалданады, ә) ал *ұу, уу, ый, ій* қосар дыбыстарының орнына жазылған *у,и* әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады: *бу-ын, су-ық, қу-а-қы, қи-ын, ти-ын, жи-ын*. Дұрысында, бұлайша буындалу жазбаша тілдің жемісі. Ауызша

сөйлеу заңдылығы бойынша мұндай сөздер *бұ-уұн, сұ-уұқ, құ-уа-қы, қы-йын, ты-йын, жы-йын* түрінде буындалуы тиіс. Қазақ тіліндегі сөздерді буынға бөлу /буын, жігін ажырату/ заңы бойынша: 1-ден сөз ортасында жалаң ашық буын келмейді (*қу-а-қы*), 2-ден буын сөз ортасында дауыстыдан басталмайды /*су-ық, бу-ын*/.

Осы бөлімде ескерті ретінде, сөз ішінде 3 дауыссыз қатар келгенде /*құмырсқа, жаңғыртты, күңгірттеу*/, алдыңғы жолда 2 дауыссызды қалдырып, келесі жолға үшінші дауыссыз дыбыс әрпін шығарып тасымалдау керектігі көрсетіледі: *құмырс-қа, жаңғырт-ты, күңгірт-тей т.б.* 3- пункті тасымалдауға болмайтын сөздерге арналады. Сөздер 5 жағдайда тасымалданбайды: 1. бір буынды сөздерді, 2. жеке дауысты дыбыс әрпін; 3. бас әріптен қысқарған сөздерді; 4. кісі атының қысқартылып алынған инициалдарын; 5. цифр арқылы таңбаланатын сандарды, оларға қатысты сөздерден бөліп тасымалдауға болмайды.

- **Сұрақтар мен тапсырмалар.**

1. *Дауысты дыбыс әріптерінің жазылу емлесіне байланысты түрлі шарттарымен жаттығу жұмыстарыңқұтрасырыңыз.*

2. *мн, кт, нг, нб, ск, фт дыбыс тіркесі мен бітетін кірме сөздерге қазақ тілінің қосымшасы 2 ұдай жалғанатын жағдайларға мысал келтіріңіз. Мәселен: штампқа- штампыға, рингке- рингіге, пунктке- пунктіге тәрізді.*

3. *Ең жоғары мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар аттарын, жоғары мемлекеттік қызмет аттарын, құрметті атқтарды, қысқарған сөздерді қатыстырып сөйлем жтраҰыз.*

#### **4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері. Олардың әр жылғы басылымдарындағы өзгешеліктер. Оның себептері мен уәждері.**

Қазақ тілінің жазылу емлесі бірнеше рет толықтырылып, түзетулер енгізіліп, соның негізінде қазақ тілінің орфографиялық сөздігі 3 рет өңделіп, қайта басылып шықты: 1963 ж, 1978 ж, 1988ж, 1963 жылы шыққан қазақ тілінің орфографиялық сөздігі (редакциясын басқарған І.Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев), 1978 жылы толықтырылып қайта жарық көрді. Сөздіктің екінші басылымының редакция алқасы: М.Балақаев /жауапты редактор/, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А.Ысқақов, Р.Сыздықова. Сөздіктің екінші басылымына негізінен мынадай өзгерістер енгізілді:

1. Сөздік құрамы толықтырылды;
2. Жалқы есімдер алынып тасталынды;
3. Вариант сөздер екі түрлі жүйемен алынды: 1. Әдеби нұсқасының жанына жақша ішінде әдеби емес нұсқасы көрсетілді; 2. Екі нұсқасы да

әдеби тілде қатар қолданған жағдайда, арасына ж/және/ деген белгі қойылды: *залал ж зарар, ештеңе ж ештеме, ырза ж разы, риза т.б.*

4. Термин сөздердің қазақша баламасы барларынын қазақ тіліндегісі беріліп, қазақша баламасы жоқ кейбір термин сөздердің жазылу емлесі түзетілген. Мысалы / *аптек – аптека, моды- мода, арматур – арматура;*

5. Кейбір сөздердің жазылу емлесіне түзету енгізілген: мысалы /*уждан – ұждан/;*

6. Біріккен сөздердің жазылуы бір ережеге бағындырылып, жүйеленген;

7. Орыс тілінен енген сөздерге қазақ тіліндегі қосымшалардың жалғану ерекшелігі толық көрсетілген. Мысалы/ *беллетрист, беллетриске, беллетристен, беллетрисі, белок, белоктың, белокқа, белогы/.* 1957 жылғы қазақ тілінің орфографиялық ережелер кодексіне толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы Қазақ ССР Оқу министрлігінің ұсынысы ресми түрде қабылданып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1983 жылғы 25 августағы Указымен бекітілді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің 3- ші басылымын ұсынды.

Сөздіктің жаңа басылымы «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің» 1983 жылғы жаңа редакциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде өңделді. Атап айтқанда: 1. Бірге және бөлек жазылатын сөздер іріктелді. Сөздерді, әсіресе, аң – құс, өсімдік, шөп, ағаш, жан- жануар, жәндік атауларын бірге не бөлек жазуда мынадай принцип ұстанылды; 1. Құрамындағы компоненттері дербес мағынасынан айырылған, бірлесіп жаңа мағына білдіретін күрделі атаулар бірге жазылуы. Бұған екінші сыңары *ағаш, баға, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, көкмай, құрай, құрт, от, тамыр, томар, шешек* деген сөздер болып келген өсімдік, аң – құс аттары жатқызылады. Өйткені, жоғарыда көрсетілген сөздер нақты бір өсімдіктің, аң, құстың, жәндіктің аттары емес, жалпы атаулар, сондықтан өзінің алдындағы сөзбен бірігіп қана белгілі бір нақты атауға айналып тұр, мысалы: *қарағаш, барқытағаш, тасағаш, астықағаш, тасбақа, құрбақа, итбүлдірген, қарақат, қызамық т.б. /5.4/*

2. Ал ағаш, гүл сияқты сөздермен келген күрделі атаулардың бірінші сыңары сол өсімдіктің, ағаштың атауын жеке тұрып та білдіретін болса, бөлек жазылады. Бұл ретте ағаш, гүл сөздері көбінесе тәуелді жалғаулы болып келеді. Мысалы: *алма ағашы, өрік ағаш, жаңғақ ағаш, райхан гүл, астра гүлі т.б. /5.4/*

2. Орыс тілінен енген сөздерге қосымша қосу жаңа ережеге бағындырылды. Ереженің ІІ тарауының 35 параграфы бойынша соңғы дыбыстары *ог, уг* болып келген сөздермен *рк, рг, нк, нг, кс, кг, ск.* сияқты дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Мысалы, *педагогтар, педагогі, педагогтік, фактіге, полкке, пунктерді т.б./5.11/.*

Бұрынғы /1978/ сөздікте педагогқа, педагогтан, педагогы, педагогтың түрінде, яғни, сөздің соңғы буынындағы дауыстының жуан, жіңішкелігіне

ыңғайласып, жалғанатын еді. Сондай-ақ орыс тіліндегі жіңішке ль дыбысына аяқталатын көп буынды сөздерге дауыссыз дыбыстардан басталатын қазақ тілі қосымшаларының буын үндестігі бойынша жалғанып, дауысты дыбыстардан басталатын тәуелдік жалғаулары буын үндестігін сақтамай, әрдайым жіңішке жалғанатындығы түзетіліп көрсетілді. Мысалы: *медаль, медальға, медальдар, медалі, фестиваль, фестивальға, фестивалдың, фестивалі т.б.* /5.4/ Бұған дейін көрсетілген сөздер медальға, медальдан, медалы түрінде жазылып келген еді. /1978 ж с†здік. 276 бет/

3. Сөздіктегі сөздер құрамы толықтырылды. Жаңадан қосылған сөздер мен тіркестердің көпшілігі терминдер, көне не сирек қолданыстағы сөздер. Этнографизмдер, неологизмдер. Олардың қатарында *дәндәку, ебей, елгей, зәймише, ақшомшы, аламан – көне сөздер, айгөлек, ақсерек, ақсүйек, алтыбақан, атпақыл, антсүйек, атұстар, аттеріс, т.б.* – этнографиялық атаулар, *айырғы, атауыз, атпа сияқтылар – құрал- жабдық атаулары, айырма, ағауыз, аққаптал, алапес, аусыл т.б.* – ауру атаулары, *албаты, алашалғы, атжүгірткіш т.б.* – диалектизмдер бар. Сондай- ақ, баспасөзде, халық арасында қолданылып жүрген, көпшілікке танымал біршама сөздер сөздіктің 3- ші басылымында алғаш рет енгізіліп отыр. Мәселен, *абыр – дабыр, айтыскер, айлашыл, айқас, әмбебап, даңғой, доңайбат, дүлдүл, кәнизәк, құрқылтай, құралыптас, монтию, шыжбалаңдау, шыж- быж, ішінара т.б.*

Тағы бір көзге түсетін мәселе, 2-буынында «ә» әрпі кездесетін сөздер қатары көбейтілген.

4. Басы артық сөздер алынып тасталынды, жұрнақтармен берілетін сөздер сұрыпталды. Мәселен, қолданыста көп кездесе бермейтін *баждау, бажсыраңдық, болымсақ, пілсіздік, қалайшылық* сияқты сөздер мен кейбір ғылыми, кәсіби сөздер: *спорангии, синдакрилия, фаблио, фавус, холиморфус, хронометражиет, цикламид т.б.*

*-лы, -лық, -сыз, -ушы, -ушылық, -дай, -ғыш, -ыңқыра* жұрнақтарымен келетін сөздер іріктеліп, құрамы азайтылған.

5. Омонимдер дербес реестрмен берілген.

6. Тіркеспен берілетін сөздер іріктелген.

## **Сұрақтар мен тапсырмалар.**

1. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінің 1963,1978,1988 жылғы басылымдары бойынша салыстырулар жасаңыз:

1.1. 1978 және 1988 жылғы сөздіктер бойынша алфавит тәртібімен әрбір әріптен басталатын сөздердің /реестр бойынша/ салыстырмалы кестесін жасап, алынып тасталған және қосылған сөздерді анықтаңыз. /топ студенттеріне бөлініп берілуі керек/.

1.2. 1978 жылғы сөздіктегі 1988 жылғы басылымға енбей қалған сөздердің тізімін жасап, оның қатарында қандай салада қолданылатын атаулар бар, олардың жаңа сөздікке енбей қалу себебі не? деген мәселе тәңірегінде өз ойыңызды жазыңыз.



1.3. 1963,1978,1988 жылғы сөздіктердегі екінші буынында «ә» әрпі келетін сөздердің салыстырмалы кестесін жасап, мұндай сөздер құрамының азайып, көбеюіне қатысты пікір білдіріңіздер.

2. 1963,1978,1988 жылғы сөздіктерге берілген Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінің «Қосымшалардың жазылуы», «Бірге жазылатын сөздер» бөлімшелерін салыстырып, ережедегі айырмашылықты түсіндіріңіздер.

3. С.Мырзабековтің Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар. /Алматы, Қазақ университеті, 1991/ кітабының 1-10 беттеріне қысқаша конспект жасаңыз.

## **5. Қазіргі қазақ орфографиясының қайшылықты мәселелері жайында.**

«Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды» деп Қ.Жұбановтың үн көтергеніне 66 жыл толып отыр. Содан бері қазақ жазуы өзгеріп, емлесі жаңару, толығу үстінде. Соған қарамастан қазіргі қазақ орфографиясының төл тіліміздің тума табиғатына қайшы түсер кереғар тұстары аз емес. Осының өзі жазу емлесінің ғасырлар бойғы жазу дәстүрінің, жазу тәжірибесінің, дағдысының негізінде қалыптасатын өте күрделі құрылым екенін көрсетеді.

Енді қазақ орфографиясындағы қайшылықты құбылыстар қандай себептер мен, алғышарттардан туындайды, соған тоқталайық.

Қазақ жазу емлесіндегі қайшылықтардың пайда болуы, алдымен, кірме сөздердің тілімізге еніп, айтыла, жазыла бастауымен байланысты. Оларды санамалап айтсақ, шамамен төмендегідей:

1. Қазақ сөздері *б,г,д* тәрізді әлсіз дыбыстарға аяқталмайды /көне түркілік *ұлығ, біліг, бітіг, кішіг, сарығ* сөздерінің тарихи өзгерісін еске түсірейік/. Сондықтан орыс тілінен енген сөздердің соңғы *б,г,д,в* дыбыстары қазақ тілінде *п,к,т,ф* түрінде дыбысталып, қосымша қатаң дыбыстан басталып жалғанады. Соған орай жазуда ұяң дыбыстан соң қатаң дыбыс жазуға мәжбүрміз. Мысалы, *клуб/п/ -қа, устав /ф/- ты, плуг/к/- тен* т.б. Бұлардың қатарында араб тілінен енген жад, араб сөздері де бар.

2. *-ог, -уг* дыбыс тіркесінің жуан екендігіне қарамастан, қазақ тілінің қосымшалары жіңішке жалғанады. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымша - жуан, жіңішке болса, жіңішке жалғануы тиіс.

3. *г,к* дыбыстары қазақтың төл сөздерінде тек жіңішке дауыстылармен тіркесуі тиіс. Себебі, қазақ тілі дауыссыздары ішінде жуан- жіңішке жұп құрайтын бірден-бір дыбыс *к-қ, ғ-г* дауыссыздары. Орыс тілінен енген сөздерде *к,г* дыбыстары *а,ы,о* дыбыстарымен тіркес құрай береді. Мысалы, *факт, геолог* т.б.

4. Бір түбірдің не қосымшаның ішінде екі дауысты қатар тіркесімділік жүйесіне қайшы келмеуі тиіс. Орыс тілі арқылы енген *гео, авиа, аэро, стерео, радио* тұлғаларының жазылуы бұл ережеге қайшы келеді.

5. Сөз басында екі дауыссыз қатар айтыла алмайды. Сондықтан орыс тілінің *трактор, практика, станок, врач сөздері тырактор, пыпрактика, ыстанок, выврач* болып айтылады. /жазуда ескерілмейді/.

6. Сөз соңы дауыссыздар тіркесіне бітпеуі тиіс. Тек *төрт, қарт, жұрт, құнт* тәрізді сөздерінде *р,л,н,ң* үнділері/ Бұл дыбыстарды А.Байтұрсынұлы «шала дауыстылар» деп көрсеткен еді/ мен қатаңдардың қатар келуі кездеседі. Ал орыс тілінен енген сөздерде бұл дәстүр сақталмайды, дыбыс тіркесімділігі қатаң-қатаң, ұяң-ұяң, үнді-үнді түрінде келе береді. /Мысалы: *фонд, гримм, шрифт, прогресс т.б./*

7. Қазақ тілі сөздерінің буын құрамы *1,2,3,4* дыбыстан аспайды. Оның формуласы **А,АВ,ВА,АВВ,ВAB,ВABВ** (бұнда шартты түрде **А** –дауысты, **В**-дауыссыз дыбыстарды бейнелейді) түрінде келеді. Бұл қазақ тілі төл сөздерінің дыбыстық құрылымы бір дауысты, бір дауыссыз түрінде кезектесіп келуіне **/АВАВАВ.../** негізделген. Орыс тілі арқылы енген сөздердің буын құрамы 5,6 дыбысқа дейін барады. /грамм – **ВВАВВ**, спектр – **ВВАВВВ/**.

8. Кірме сөздердің әсері ретінде, сондай-ақ *и,у* әріптерінің дыбысталуы мен таңбалануы арасындағы қайшылықты құбылыстарды да айтуға болады. І.Кеңесбаев қосынды ды-быстардың таңбасы /10,228/ деп көрсетсе, С. Мырзабеков *и,у* әріптері туралы: «О баста *үу, ұу, ый, ій* сияқты қосарлы дыбыстарды таңбалау үшін алынған *и,у* әріптері көп ұзамай өзге дауыстылардан ерекше кейде жуан, кейде жіңішке болып келетін дауысты дыбыстар түрінде танылып, қатардағы оқушы тұрмақ, оқулық жазып жүрген тіл мамандарының өзін де біржола баурап алды. Оған себеп бұлар – орыс, парсы т.б. тілдерде жалаң дауысты дыбыстар», -деп көрсетеді /3.50/. Ж.Аралбаев тілдің тарихи қалыптасуы тұрғысынан қарап, «*и,у* дыбыстары көне түркі тіліндегі созылықты не екі дыбыс қатарының орнына пайда болған. Қазіргі қазақ тіліндегі *и,у* дыбыстары дифтонг дыбыстар» деп дәлелдейді. /11.36/.

Алғаш «ұлы халықтың» өктемдігін танытып, қазақ емлесіне айқай-шу ала келген *и,у* әріптері қазақ тіл білімінің қос білгірі А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтардың арасында да пікір алалығын туғызған сыңайлы.

Қазіргі қазақ тілінде дербес дауысты дыбыс ретінде саналып жүрген *и* - /*ий*/, /*ый*/, *у* - /*ұу*/, /*уу*/ дыбыс әріптерін А.Байтұрсынұлы жеке дауысты дыбыс деп қарастырмайды: /*ү*/-/*азу*/, /*қару*/, /*жабу*/ деген сөздерде /*з*/-ның, /*р*/-дың, /*н*/-ның соңынан естілетін дыбыстың белгісі,-деп түсіндіреді. Көріп отырғанымыздай қазіргі қазақ тілі емлесіндегі *у*- дауысты дыбысының әрпі туралы әңгіме жоқ. Одан әрі қазақ тіл білімінің атасы: « /*у*/ сөздің бас буынында қысқа кәм көмескі естіледі.

/*құрау*/, /*құлақ*/, /*құрғақ*/ деген сөздер ішіндегідей сөздің басқа жерінде ұзын һәм анық айтылады», - дей келіп, - /*у*/-дан /*ү*/-ны айыру керек. /*у*/- жарты дауысты дыбыс. Бұл дауысты дыбыстың соңынан ғана айтылады. /*тау*/, /*тауық*/, / *біреу*/ деген сөздер ішінде айтылғандай. /*ү*/ сөздің бас буынында анық һәм ұзын естілсе, ол /*ү*/ мен /*у*/ қатар келгендіктен үнде /*ү*/ һәм /*у*/ екеуін де жазуы керек, - деп баса көрсетеді. Бұл жерде жарты дауысты деп ғалым

дауысты дыбыстардан кейін айтылатын үнді у дыбысын айтып отырғаны сөзсіз.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлының дыбыс жіктелуінде қазіргі и-дауысты жоқ. Қазіргі емлеміз бойынша *қиын, тиым, қиқым* түрінде жазылатын сөздерді тйн, қйн, қйқм түрінде жазып көрсетіп, егерде /й/ дауыссыз дыбыстардан кейін келсе, ол жерде жазылмайтын /ы/ бар болғаннан. Егер /ы/- ны қалдырмай жазатын болсақ, бұл сөздерді былай жазар едік: /қыйқым/, /тыйым/, /қыйын/ - деп түсіндіреді. /7,383/.

Ал қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, бір жүйеге түсуіне бір кісідей кем тер төккен лингвист-ғалым Қ.Жұбанов өзінің 1931 жылғы «Қосар ма, дара ма?» деп аталатын мақаласында /9.341/, үу, ұу, ый, ій дыбыс тіркестерінің орнына бір ғана у, и әріптерін алып, оларды дербес у, и дыбыстарының таңбасы ретінде тануды толық заңдастырып берген еді. Аталған мақаласында Қ.Жұбанұлы и, у /и, і – латынша /әріптерінің қосар дыбысын таңбалап, олардың дауысты-дауыссыз жұп құрайтынын тәуелдік жалғауының жалғану табиғатына қарап анықтайтын дәлелдемелерге тойтарыс береді. /тәуелдік жалғауы дауыссыздардан кейін – ы, і түрінде, дауыстылардан соң – сы, сі түрінде жалғанады/. «Дыбыстың түрін жалғауға қарап тану – қазақ тілін зерттеу тарихының төменгі сатыда жүрген кезіндегі кустаршылдықтың қалдығы» (9.344) – дей келіп, *жарты шідерті* сөздеріндегі қосымшаның –ты, -ті қатаңнан басталғанына бола түбір соңындағы р дыбысын қатаң деуге бола ма деген сауал қояды.

ый, ій, ұу, үу қосар дыбыстары ерте кезде уг, ұғ, ог, иг тәрізді қосар дыбыстың орнына пайда болған дейтін пікірді де жоққа шығарады: «Бұрын екі дыбыс /бір дауысты, бір дауыссыз/ болған жердің бәрі бірдей қосар әріппен таңбалана беретін болғанда «сары сөзі бұрын «сарығ» түрінде болған, сондықтан егістікке айналған кезде сарғай болып ғ пайда болды. Онда мұны да «сарұу» немесе «сарый» түрінде жазбақшымыз ба?» (9.345) – дейді.

Ғалым әрі қарай қазақ тіліндегі үу, ұу, ый, ій дыбыстары туралы орыс, татар оқымыстыларының пікірін келтіреді. В.Радлов «Терістік түркі тілдерінің фонетикасы» кітабының 1-томында бұл дыбыстарды қосар емес, дара деп көрсеткен. Бірақ «ұзын дауысты» деп таңбалаған, себебі қысаң ұ, ү, ы, і – лерден айыру үшін болуы керек. П.Мелиоранский үу, ій-лерді жалаң әріппен таңбалаған. Татар тілін эксперимент жолымен тексерген Ғалымжан Шарап, Богородицкий үу, ій дыбыстарын жалаң деп көрсеткен».

«Дыбыстарды қосар әріппен таңбалау ел-елдің бәрінде болған. Бірақ әрпі қосар болғанмен, айтуда бәрі бір дыбысталады».

«Дара әріпті не жаңадан шығарып, не жаңадан кіргізуге болмайды, осы күнгі қазақ әліппесінің ішінде бар, көрші елдерде осы мағынада қолданылатын латын әрпінің жержүзілік практикасында ұсталып жүрген у мен ү-ні біріншісін ұу, үу орнына, екіншісін ый мен ій орнына алу жағындамыз», - деп қорытындылайды. Байқап қарасақ, автор ый, ұу дыбыстарының қосар екеніне дау айта отырып у, и дыбыстарының алдынан

жартылай дауысты ұ мен ы –ның қыстырылатынын жоққа шығара алмайды. Тек бұлардың жазуда еленіп, қосар әріппен берілгеніне қарсы тәрізді.

Бұл әріптердің қазақ орфографиясына қаншалықты озбырлық жасап келе жатқаны белгілі фонетист С.Мырзабеков: «Бұл екі әріп тілдің дыбыстық жүйесін бұзып, жұрттың басын қатырып болды. Оларды іштей дыбыстарға ажырату қиындығы 1983 жылы емле ережесіне: и,у әріптері бар сөздер буындалғанда, келесі буын дауысты әріптен басталады және солай тасымалданады. Мысалы: бу-ын, су-ық, қу-а-қы, қи-ын, жи-ын,- дейтін тілдің табиғатына қайшы, зиянды заң қабылдауға мәжбүр етті» /3.5/- деген пікірінен айқын көрінеді. Яғни, біріншіден, айтуда *ты-йын, мы-йық, ті-йін,бі-йі т.б.* сөздері жазуда *ти-ын, ми-ық, ти-ін,би-ік* түрінде дыбысталып буындалады. Сонда буын құраушы екі дауысты /и және ы, и және і/ сөз ортасында қатар келеді. Екіншіден сөз ортасындағы буын дауыстыдан басталып, төл дыбыстық жүйемізге қайшылық тудырады, Үшіншіден ми,ти әріптер тіркесі [мый], [тый], бірде [мій] ,[тій] түрінде оқылып, шатастырады.

9. Қазақ тілінің тіл үндестігімен қабыса бермейтін араб-парсы тілінен енген аралас буынды сөздердің жазылуы да қазақ жазу емлесіне аз ауыртпалық түсіріп жүрген жоқ. Олар: **қадим-қадым-қадім, қадыр- қадір-кәдір, қайтып – кәйтiп- қайтiп, зәрезап- зәрезәп – зәрезап** т.б сөздері.

10. Орыс тілінің озбырлығын танытатын ендігі бір әріптер - ю,е, я әріптері. Бұлар ио, иа, иу дыбыс тіркестерін таңбалау үшін алынған әріптер ғана екендігіне қарамастан, біраз уақыттар дербес дауысты дыбыс ретінде қаралып, қазақ тілі дауыстыларының санын 15-ке жеткізуге қызмет етіп келді. Ё әрпі тек орыс тілінен алынған сөздерде ғана жазылатындықтан төл сөздеріміздің емлесіне қатысы жоқ. Ал ю,я әріптері қазақ емлесіне біршама қатысы бар.

Қазіргі емлемізде я,ю әріптерінің қазақ сөздерінде иа, иу қосар дыбыстарын таңбалап, дауысты әріптен кейін ғана жазылатыны / мысалы, аю- айу, үю-үйу, қою- қойу, аян-айан,қоян-қойан/ кейде я әрпінің бірен-саран қазақ сөздерінің басында да жазылатыны /мысалы, яғни, яки, япырмай/ негізделген. /4.29/.

Я,ю әріптерінен келетін сөздерді дыбыстай буынға бөлу мен жазбаша буынға бөліп не тасымалдап жазуда қайшылыққа ұрынамыз. Мәселен **қияды сөзін жазуда қи-я-ды** деп, айтуда **қы-йя-ды** деп буындаймыз.

Қазақ тілінде сөз не жеке буын й дыбысынан басталмауы тиіс. Осындай қайшылықтың яғни /йағни/, яки **йаки** сөздеріне де қатысы бар. Бұл сөздердің қазақша айтылуын С.Мырзабеков *ыйағни,ыйапырмай, ыйаки* деп транскрипциялайды. /3.52/. Осы жүйемен алсақ, қияды сөзі айтылуда қы-ыйа-ды деп буындалатын болады.

Сондай-ақ: **баюы, кеюі, тыюы** сөздері жазуда **ба-ю-ы, ке-ю-і,** айтылуда **ба-йү-уү, ке-йү-уү, ты-йү-уү** түрінде буындалады.

Қазіргі қазақ орфографиясындағы белгілі бір ұстаным аясына сыймайтын кереғар құбылыстар, кірме сөздердің әсерінен де басқа төл тіліміздің өз ішіндегі екіұштылықтан да өрбіп туындайды. Оларды топтап, санамалап көрсетсек, шамамен төмендегідей:

1. «Ә» дыбыс әрпінің емлесіне байланысты

а) жәй, шәй сөздері жіңішке айтылуына қарамастан жай, шай түрінде жуан а-мен жазылады. Мысалы, Жәмілә, Сәлімә атаулары Жамила, Сәлима болып жазылады.

ә) сөздің соңғы буынындағы екі дауыссыз арасындағы ы,і әріптері бірде жазылып, бірде жазылмайды. Мәселен, халық-халқы, ерік-еркі, көрік-көркі сөздерінде ы,і дыбыстары көмескіленеді. Бірақ, осыған ұқсас ерін-ерні, еріні, орын-орны, орыны, мұрын- мұрны, мұрыны сөздеріндегі ы, і дыбыстарының айтылуы екі ұдай. Сондай-ақ бөркі //бөрігі, көркі//көрігі варианттары да қатар қолданыла береді /алдыңғы жұп – бір сөз, кейінгі жұп – екі басқа зат атауын білдіретін сөздер/. Сын есім зат есімнен жасалынған етістіктерде ы,і дыбыстарының түсіп қалатыны анық байқалады. Мысалы, жиын- жиналыс, қиын – қиналыс т.б.

б) р,л дыбыстарының алдынан ы,і дыбыстары естілетіні сөзсіз /қазақтың р мен л- дан басталатын төл сөзі жоқ/. Бірақ жазуда ы мен і әріптері бірде жазылып, бірде жазылмайды. Мысалы /ырай/-рай, /ырақмет/-рақмет, /ылақ/ - лақ, / ілэгөн/- лэгөн, бірақ /ілесу/- ілесу, /ілім/- ілім, /ырым/-ырым, /ырық/- ырық т.б.

Қазақ емлесіндегі қайшылықтар мұнымен бітпейді. Тіліміздегі вариант – сөздердің, күрделі сөздердің, жер-су, адам атауларының жазылуындағы әрқилылық төл тіліміздің мінсіз жазу емлесін жасау жолындағы ғалымдарымыздың өлшеусіз еңбегінде аяқтан шалар кедергілер екені сөзсіз. Күрделі /сөздердің/ атаулардың қайсысын бөлек, қайсысын бірге жазу керек дегенге де берер нақты жауап, дөп басып ұсынар критерийіміз жоқ. Күрделі сөздерді ажыратудың бірден – бір жолы: сөз фонематикалық жақтан бірыңғай, біртұтас екпінмен айтылуы тиіс. **Шекара, Досжан, Есенгелді, Суқабак /өс/, Қозықұйрық /өс/, Қызыл құрт /эт/, Қылқұрт /ауру/** тәрізді сөздерімізді **Шегара, Дошшан /Дошан емес/, Есеңгелді, Суғабақ, қозығұйрық, қызылғұрт, қылғұрт** деп айтып та, жазып та дағдылануымыз қажет. **Көгәл, көгәла, көгжиек** сөздерінің фонетикалық ұстаныммен жазылып жүргеніне қарамастан, әлі де **көкала, көкал, көкжиек** деп айтудан жаңылмай келеміз. Бұның өзі тіл әуезділігі-нің бұзылып, енді болмағанда жөндеуден кетіп бара жатқанын көрсетеді.

Жоғарыда санамаланып өткен қазақ емлесіндегі қайшылықтар сөздің айтылуы / орфоэпиясы/ мен жазылу емлесінің / орфографиясының/ арасындағы алшақтықтан да туып отыр. Әсіресе дыбыс пен әріпті шатастыру көптеген қателіктер мен келеңсіздіктерге ұрындыруда. Сондықтан жоғарғы оқу орнының студенттеріне, мектеп оқушыларына айту мен жазудағы алшақтықтарды айыра көрсетіп, жазу емлеміздегі қайшылықтардың төркінін үнемі түсіндіре отыру артықтық етпес еді.

Мәселен, рай сөзі айтылуда ырай, жазуда рай деп буындалады, ине сөзі айтуда ійне, жазуда и-не, баюы сөзі айтуда ба-йу-уұ, жазуда ба-ю-ы, құркұлақ сөзі айтуда құр-ғұ-лақ, жазуда құр-құ-лақ, құрық сөзі айтуда құ-рұқ, жазуда құ-рық деген тәрізді салыстырмалы талдаулар керек –ақ.

• **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қ.Жұбановтың «Қосар ма, дара ма?» еңбегіне қысқаша конспект жасаңыз. /341-348 бб. «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер А., : Ғылым, 1999/

2. ы,і дыбыстарына байланысты қандай фонетикалық құбылыстарды білесіз? Мысалымен дәлелдеп, жауап жазыңыз.

3. Дауыс – дауысы, көңіл- көңілі тәрізді сөздерде ы,і дыбыстарының түсіріліп, түсірілмей айтылу уәжі туралы түрлі зерттеушілердің пікірін келтіріңіз. Ы,і дыбысының түсірілмей айтылуына 10 сөз, түсіріліп айтылуына 10 сөз мысал келтіріңіз.

4. Сөздердің дұрыс жазылған вариантын табыңыз: бүйрек-бүйірек, бауыры-бауры, бауыра-баура, бауырай-баурай, жыйнал-жинал, жиына-жина-жыйны, гұрпы- гұрыбы, қырпы-қырығы, сұрқы- сұрығы, нарқы-нарығы. т.б

5. Төмендегі сөздерге қандай қосымша қосқанда ы,і түсіріліп жазылады. /бір сөзге дауыстыдан басталатын бірнеше түрлі қосымша қосып байқаңыз/. Үлгі бүйір: бүйрек, бүйірі, бүйірлеу т.б.

Бауыр :

Жиын:

Ойын:

Жалық:

Қиын:

Жайыл:

Зорық:

Қырым:

**6. Бөлек және бірге жазылатын сөздер, оларды ажыратудың критерийлері.**

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде /1988/ бөлек жазылатын сөздердің 6 түрлі тобы көрсетілген:

1. Мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйымның күрделі атаулары.
2. Анықтауыш пен анықталушы сөздер.
3. Күрделі сан есім, күрделі сын есімдер.
4. Күрделі етістіктер.
5. Есім, еліктеуіш сөздер мен етістіктерден құралған күрделі сөздер.
6. Идиомалық, фразалық тіркестер.

Р.Сыздықованың «Емле және тыныс белгілері» Алматы, Рауан,1996/ кітабында бөлек жазылатын сөздер бұдан гөрі кеңірек беріледі. /42-48 беттер/.

Сөздердің бірге не бөлек жазылуы туралы мәселе, күрделі сөздердің біріккен сөз және тіркескен құрама сөз түрлерін бір-бірінен ажырату

мәселесінен туындайды. Себебі: біріккен сөз деп қабылданса – бірге, тіркескен құрама сөз деп есептелінсе бөлек жазылады.

Сондықтан да болар күрделі /құрама/ сөздердің жазылу емлесінің /бірге, бөлек, дефис арқылы/ қалыптасу тарихы, алдымен, күрделі сөз түрлерін ажырату критерийлерін анықтауға ұмтылудан бастау алқаны м.,лім. А.Байтұрсынұлы кҮрделі сөздердің Үндесу заңына сәйкес келгенін- бірге, келмейтіндерін бөлек таңбалайды.

Қ. Жұбанов біріккен сөзді «кіріккен сөз» терминімен алып, кіріккен сөз болудың негізгі белгілеріне талдау жасайды. Кіріккен сөз болудың бірінші шарты мағыналық тұтастығы: бір-ақ нәрсені атап, бір сөздің орнына жүреді. Бірақ бұл шарт барлық сөздерге бірдей өлшеуіш бола алмайды. Олай болатын себебі: «қарақұс деген бір сөз бе, екі сөз бе? Бір сөз дейін десең, қара дегеннің де өз мағынасы бар. Бірақ екеуі қосылып келіп, бұл арада бір нәрсенің аты болып тұр. Ал, бұларды бір дейін десең, дәл осылар сияқты болып жасалған өгіз арба, темір қасық т.т.-да бір сөз болуы керек сияқты. Олай болғанда анықтауыш сөз бен анықталушы сөздің екеуі қосылып бір сөз болып санала беру керек сияқты. Міне, жалғыз мағынаға сүйенгенде айырып алу қиын болатыны осыдан ... – дей келіп, кіріккен сөз болудың екінші шартына синтаксистік тұтастықты көрсетеді, яғни жеке сөздердің әр қайсысы сөйлемде өз алдына бір-бір мүше болмай, бәрі жиналып, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болу керек» /244/.

үшінші шарт морфологиялық тұтастық, яғни сөз тұлғасының әдемі қалпынан өзгеріп, бірыңғай қалыпқа түсуі, мысалы, қолғап, ашудас, белбеу сөздері тәрізділер. Төртінші шарт фонетикалық тұтастық, яғни кірігуші сөздердің алдыңғысы екпіннен айрылып, қалған жалғыз екпін соңғысында ғана болады.

Қ. Жұбанов төртінші шартты ең негізгі деп көрсетеді: «Кіріккен сөз бен кірікпеген сөз тіркесінің қайсысы екенін айыруға ең қолайлы, әрі сенімді жол – ол екпініне қарау». өйткені, кірікпеген тіркесте алдыңғы сөздің екпіні жай екпін де емес, басым екпін болғандықтан, ала – бөле сорайып, байқалып тұрады. Мысалы: қарға қара құс десек, мұндағы қара құс кірікпеген тіркес екені анық. өйткені қара сөзінде екпін бар, әрі ол екпін соңындағы құс сөзінің екпінінен анағұрлым басым. Ал, бүркіт – «қара құс тұқымынан» десек, мұндағы қарақұс кіріккен сөз екені анық. өйткені, мұнда қара деген бөлшекте түк екпін жоқ, қара мен құстың екеуіне ортақ жалғыз-ақ екпін бар, о да қара сөзінде емес, құс сөзінде, - дей келіп, мынадай қорытынды жасайды. «кіріккен сөз деп нені айтамыз?» деген сұрауға қысқаша былай деп жауап беруге болады. Бірнеше сөздер қосылып, бір ғана екпінге- ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан, бәрі жиналып, бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса, осыны кіріккен сөз дейміз.

Қ. Жұбанов көрсеткен сөздерді біріктіріп жазудың 4 факторы /семантикалық, морфологиялық, синтетикалық, фонетикалық/ күрделі сөздердің іргесін ажыратуға арналған кейінгі еңбектерде түрліше

қырынан сипатталады. М. Балақаев «біріккен сөздердің пайда болу заңдылығы» сөздердің семантикалық единица болу тұтастығына қарап танылады, - деп көрсетіп, бірігуге бейім сөздерді мүмкіндігінше біріктіріп жазуды қолдайды: 1. Біріктіріп жазу жинақылықтың нышаны. 2. Біріккен сөздерді біріктіріп жазу – тілдің сөз байлығын дамытудың да қамы. 3. Біріккен сөздерді жұртқа біріктіріп жазып оқыту арқылы солардың тұтастығын танытамыз, бір сөз ретінде дұрыс жазып жылдам оқуға тиісті жағдай жасаймыз»- дейді. Күрделі сөздердің бірге не бөлек жазылатын түрлерін ажыратуға байланысты жалпы түркітануда, сондай-ақ қазақ тіл білімінде жүйесіздік, алақұлалықтың басым болғанын М. Балақаевтың осы мақаласынан айқын байқаймыз. Қарақалпақ, қырғыз, тува, хакол тілдерінде біріккен сөздерді жазудағы қиындықтардан құтылу үшін оларды жаппай бөлек жазу үрдісі етек алғанын, қазақ тілінде де осы бағыттың салқыны бар екенін көрсетеді.

Біріккен сөздердің емлесін дұрыс жолға қоюдағы қиындықтардың төмендегідей себептерін атайды: Біріншіден, жалпы есімдердің қандайын біріккен сөз дейміз дегенге нақты жауап жоқ. «Оның 4-5 белгісінің ішінде /мағынасы сөйлемде бір-ақ мүше болатындығы, сөз екпіні, байланысы, синтаксистік қатынасы/ мағына тұтастығы ең сенімді басты белгісі болса, оны да кейбіреулер тайғанақ болжам» деп түсінді. Оған қосымша тірек еткеніміз – екі сөздің ритмика – фонетикалық топ құрап ұйысуы іс жүзінде онша еленбеді. Сөйтіп, біріккен сөздерді семантикалық- фонетикалы орайда тұтас бір сөз деп танудың орнына, кейбір ғалымдарымыз басқаларға еліктеп, сөздерді біріктірмей бөліп жазудың жаршысы болды...

Екіншіден, ресми орфографиялық ережелерімізде бірігіп жазылуға тиісті сөздердің саны мен сапасы әбден тежеліп, азайтып жазу уағыздалса, іс жүзінде біріккендерді біріктіріп жазу бағыты күшті болды...

Үшіншіден, біріктіріп не бөлек жазылуға тиісті сөздерді айырудың қиындығы ресми орфографиялық ережелердің кейде бірізді, дәл болмауынан орфографиялық сөздіктерде ала-құла, қарама-қарсылық күшті болды: бір сөздікте бірге жазылған сөздер екінші сөздікте бөліп жазылған...

Бәрінен жаманы- жұртқа жол сілтейтін тіл мамандарының арасында ала-құлалық күшті. Кейбір жолдастар сөздерді біріктірмей бөлек жаз деген ереже ұсынғанмен, тілдің өмірлік ыстық-суығын басынан кешіретін журналистер, аудармашылар, жазушылар бір лексикалық мәні бар екі сөзді біріктіріп жазуды мақұл көреді, өздер солай жазады да. Олар сөздер түйдегін біріктіріп, не бөліп жазу арқылы олардың мағыналық айырмашылықтарын айқындамақ болады, немесе сөздер тобына жана терминдік мән беріп, олардың біртұтастығын сақтау үшін біріктіріп жазады. Осы бағыт – үстем бағыт болып отыр. Сөз бен сөзді қосып жаңа сөз жасау процесі үздіксіз дамып жатуынан пайда болған өзгерістер орфографиялық ережелерге ілеспей, олардан ауытқып, асып-түсіп жатады. Қиындықтың бір себебі осыдан да болып отыр...

Ғалым жоғарыдағы қиындықтарды атай келіп, «біріккен сөздердің жазылуындағы басшылыққа алатын бір шешім жүйелі бір кемшілік принципі



болу керек», сондықтан бірдей жүйемен жасалған күрделі сөздерді жаппай біріктіріп жазу принципін ұсынады.

Бірге жазылатын күрделі сөздерге қандай критерийлер қою керектігі жөнінде оқулықтарды, баспасөз бетінде түрліше пікірлер айтылып та, жазылып та жүр.

Алдымен Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіндегі /1988/ ережеде бірге жазылатын сөздерге қандай сөздер жатқызылатыны-на назар аударайық:

1. Тұлғасы өзгеріп барып біріккен сөздер / бүгін, биыл, алаңғасар т.б./

2. еш, әр,кей, бір, әлде сөздерімен біріккен есімдік, үстеу сөздер /ешқандай, ештеңе, біржолата т.б./

3. Термин сөздер /баспасөз, еңбеккүн, көкжиек/.

4. Құрал- жабдық атаулары / шаңсорғыш, бесатар т.б/, мамандық,кәсіп, қызмет иелерінің аттары /өнертапқыш, теміржолшы, атқамінер т.б/,ойын, салт –дәстүр атаулар / ақсүйек, тоқымқағар, ақсарбас/.

5. Аң-құс, жан- жануар, құрт – құмырсқа, өсімдік атаулары /қарақұйрық, ақбөкен, тасбақа, шегіртке, аққу/.

6. –тану, сымақ, аралық, фото, электр, радио, авто, авиа т.б сөздерімен келген тіркестер / халықаралық, радиоқабылдағыш, автоқалам т.б/.

7. Екі не үш сөзден құралған жалқы есімдер /Әбдіманат, Мергенбай, Сарыөзен, Омарханұлы, Момышұлы т.б./

Р.Сыздықованың жоғарыда аталған кітабында бірге жазылатын сөздердің қатары былайша көрсетіледі.

1. Біріккен сөздердің бірқатар түбірін сақтап, енді бір шамасы өзгерген қалпында жазылады: алабұға, алақоржын,кәсіподақ, өнертану, бүрсігүні, қарағаш, апару т.б.

Ал біріккен сөз болатын сөздерге төмендегідей атаулар жатады:

1. Жалқы есімдер / топономикалық атаулар, кісі аттары/

2. Ғылым мен техниканың әртүрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған күрделі атаулар.

3. Флора мен фауна дүниесінің терминдік атаулары болып келетін күрделі сөздерді біріктіріп жазу үшін төмендегідей талаптар қойылады:

1. ақ,қара,көк, сары т.б түсті білдіретін сын есімдер дербестігінен айырылған сөздермен бірігіп белгілі бір жан- жануар, құс, өсімдік атауын білдіреді: алақоржын, ақиық, аққу, көкқұтан т.б.

2. Бірінші сыңары түсті білдіретін сын есімдер екінші сыңары құс, ағаш, балық, құртшөп, гүл, торғай, жидек, жеміс сияқты аң-құс, өсімдіктің жалпы атауы болатын сөздер бірге жазылады. Қараторғай, сарышөп, қызылжидек т.б.

3. Бірінші сыңары есім сөз, екінші сыңары шөп, өсімдік, тауық, құрт сияқты жалпы атаулар: әтіргүл, бояушөп, барқытгүл т.б.

4. Екі сыңары да дербестігінен айырылған есім сөздер.

5. Бірінші сыңары мал, аң атаулары екінші сыңары лексикалық мағынасынан айырылған сөздер / балықкөз, түйеқара, қоянсүйек т.б./ немесе

бірінші сыңары мал не аңның жалпы атауы, екінші сыңары шөп, жапырақ, тікен, жеміс, тамыр т.б. тәрізді сөздерден тұратын, ботаникалық терминдер / бақаоты, қояншөп, түйетікен, қазоты т.б./

3. Әралуан құрал – жабдық, қару – жарак, машина, аппарат, бұйым, үй мүлкі атаулары, мамандық, кәсіп иелерінің аттары.

4. Аралық, тану, сынақ, нала, ақы, еш, кей, қай, әлде сөздерімен келетін күрделі сөздер.

5. Фото, авиа, агро, теле, мото, стерео сияқты кірме сөздермен келетін қазақ тіліндегі сөздер.

Көріп отырғанмыздай, бірге және бөлек жазылатын сөздердің белгілі бір жүйеге бағынған емлесі бар. Дегенмен, қазақ тіліндегі күрделі сөздердің барлығын бірдей осы жүйеге түсіру қиын. Жасалу уәжі бірдей сөздердің бір тобы бөлек жазылатын сөздердің, екінші тобы бірге жазылатын сөздердің қатарын құрайтын жағдайлар да ұшырасады.

Күрделі сөз атаулыға тән ортақ белгі-олардың бірнеше түбірден құралып, тұтас бір мағынаға ие болуы бірнеше түбірдің сөйлемде бір ғана зат, құбылыс атауы болып, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемде бір ғана қызмет атқаруы десек, күрделі сөз сыңарының біріктіріліп жазылуы үшін нақты критерий қандай болмақ? Н.Уәлиев, А.Алдашеваның «Қазақ орфографиясындағы қиындық-тар кітабында күрделі сөздердің арасынан бірге жазылатындарын ажыратудың бірден- бір критерийі ретінде оның сыңарларының семантикалық өзгерісі алынады. Яғни құрамындағы сөздер дербес тұрғандағы мағынасынан ажырайды, олардың мағыналарының контаминациялануы /лат. Contaminatio- араласу/ нәтижесінде тың мағына пайда болады.

Мәселен, жаужұмыр, сайгүлік, қызойнақ, бірқазан /құс/, кәріқыз /өс/, түйесіңір /өс/, шашақбас /өс/ т.б. сөздерінің әрқай-сысының жеке компоненттерінің дербес мағынасының тұтас сөздің беретін ұғымына мүлде қатысы жоқ.

Кейде бүтіннің бөлшегі болатын сөз сыңарлары біріге келіп тұтас зат, құбылыс атауы болады. Мысалы: қосаяқ, бізқұйрық, қаратамақ, қарабауыр т.б. Осындағы аяқ, құйрық, тамақ, бауыр сөздері «бүтіннің бөлшегін» білдіреді.

Егер күрделі сөз құрамындағы сыңар- сөздер өздерінің мағыналық дербестігін біршама сақтап қалатындай болса, ондай күрделі атаулар бөлек-бөлек таңбаланады. Мәселен, әулиеағаш-бірге, алма ағаш бөлек жазылады. Себебі: әулие және ағаш сөздері мағыналары бір-біріне қабыспайтын мүлде әр басқа сөздер. Дербес мағыналарынан ажырап жаңа мәнге ие болған. Ал алма ағаш сөзінде алма да, ағаш та өз дербестігінен толық айырылмаған.

Май қаңбақ, сор қаңбақ, ебе қаңбақ сөздерінде алдыңғы сыңарлары болмаса да, қаңбақ сөзі белгілі бір өсімдіктің атауын бере алады, дербес мағынасы болмай, сор ебе сыңарлары қаңбақ-тың ерекше түрлерін ажырату үшін тіркесіп тұр.

Кейде 3 сыңардан тұратын күрделі атаулардың алдыңғы екі сыңарын – бірге, соңғысын бөлек жазуға тура келеді. Мысалы: қызыққұйрық торғай,

сарала қаз, саржақ су бүркіті, ақбас жусан, қарабауыр қасқалдақ т.б. Себебі алдыңғы екі сыңарының мағынасы кейінгі сыңарына қарағанда идиоматизацияланғанын байқау қиын емес.

Күрделі сөздердің біріккен сөз ретінде танылуына олардың семантикасынан өзге грамматикалану факторы да әсер етеді. Бұл орайда етістік формалары, сын есім, зат есім жасайтын арнайы тұлғалар мен көптік жалғауының мағына ұластырғыш қызметі айтарлықтай рөл атқарады. /12/6364/.

Мысалы, жатыпат – ар, қаніш-ер, батаоқы-р, көріпкел, құлақкес-ті, қағазбас-ты, қағабер-іс, шығабер-іс, қосжынысты-лар, сүтқорек-ті-лер. шатыршагүлділер т.б. Егер қос жынысты жәндіктер, сүт қоректі жануарлар, шатырша гүлді өсімдіктер десек, әр сыңары бөлек жазылады. Яғни, көптік жалғаумен келетін күрделі сөздердің бірге жазылуы зат, нәрсенің негізгі атауының түсіріліп, жалпылама мәнге ие болуына байланысты.

Құрама сөздердің бірге және бөлек таңбаланудың ғылыми негіздемесіне арнап ғылыми еңбек жазған ф.ғ.к. Қ.Күдеринаова құрама сөздердің бірге не бөлек жазылуының екі түрлі уәждемесін көрсетеді: біріншісі-тұлғалық, екіншісі – мағыналық. Бірге не бөлек жазылатын сөздерді ажырата білуде бұл тұжырымдамаларды біршама маңызды деп есептегендіктен, нақтырақ тоқталып өтейік.

1. Сөздердің бірге жазылуының тұлғалық факторы.

Бұған құрама /күрделі сөзді бұдан әрі құрама деп атаймыз/ сөз сыңарлары грамматикалық формаларының элизияға ұшырау, редукциялануы, екі сыңарды ұластырғыш жалғаулықтарының болуы, сыңарлардың фонетикалық контоминацияға ұшырауы, бір екпінге бағынуы.

Қазақ тіліндегі біріккен сөздер /бұдан әрі БС/ - ар, -лар,- лық,-ғыш қосымшаларымен келіп және тану, жанды, құмар, ақы, ара, жай, хана сияқты лексикалық бірліктердің грамматикалануы негізінде жасалады. Бұндай тұлғалық ерекшеліктерді Қ.Күдеринаова бірге тұлғалаудың формалды белгілері деп алады. Сөздерді бір-бірімен ұластыруы қызмет ететін қосымшалар ұластыруыштар, лексикалық бірліктерді /тану, жанды т.б./ құрастыруыштар деп атауды ұсынады.

Ұластырушы қосымшаларға мыналарды көрсетеді:

**-ар,-ер.** ауызашар, алтыбасар, бірбайлар, көрпеқимылдатар, ұлтабар, беташар, атсоғар т.б. /45-бет/.Негізінен этнографиялық атаулар, адамға қатысты сөздер.

**-лық.** ауызбірлік, ауылшаруашылық, бесжылдық, бүкіләлемдік, мектепшілік, кішіпейілділік, шаласауаттылық – негізінен саяси, әлеуметтік, қоғамдық атаулар, термин сөздер. /47 бет/.

**-лар** ағашкеміргіштер, бассүйексіздер, көпқанаттылар, крестгүлділер, жылықандылар, күрделігүлділер т.б. Негізінен жануар-тану, өсімдіктану туыс атау терминдерін жасауға қатысады. /48-50 беттер/.

**-қыш.** алжапқыш, сабынсалғыш, тісжуғыш, дэнтазалағыш,картонүккіш, шағсорғыш – техника, құрал, аспан атауларын білдіретін термин сөздер. Бұлардың қатарына адамның бір әрекетке бейімділігін білдіретін

семантикасы бар мақала жазғыш, сурет салғыш, кітап оқығыш т.б. тіркестерін жатқызуға болмайды. Себебі, мысалы сурет салғыштың – адамның бір ғана қыры, ал етартқыш- тек ет тартуға арналған құрал. /50-52 бб/.

- **ты.** Предикаттық қатынастағы фразалық тіркестерді біріктіріп жазуға меже болып табылады. Мәселен, шаруабасты, балабасты, пышақкесті, құлақкесті, өзекжарды, сусоқты, атсоқты. Бұл тіркестерді біріктіріп жазу арқылы бауыр басты /жақын тартты, Үйреніп кетті/; бетіне басты / өрескел қылықты салық етті, ұялтты/; еңсені басты /көңілді көтерт-пей қамықтырды/; жаза басты /жаңылысты/; желін басты /мінезін жөнге келтірді/; қара басты /жолы болмады/ сияқты ұқсас тұлғалы фразеологиздерден ажырату үшін де керек./52-53 бб/.

- **ма,-ме,-ба,-бе.** айкезбе, ақжайма, алыпқашпа, алыпұшпа, баукеспе, елкезбе, жерқазба, жерқойма, жолжазба, жолсілте-ме, иекартпа, суырыпсалма, шығарыпсалма, ізжазба т.б.

- **ыс,-іс.** беталыс, бетбұрыс, бұқатартыс, қантөгіс, құлаққағыс т.б.

- **қ, -ық.** бөройнақ, жынойнақ, қантойнақ, қантышқақ, қызойнақ, мұзойнақ, ойтолғақ, тақиятеппек т.б.

- **қы, -кі.** Аласүзгі, ауақыздырғы, етшапқы, жарықтүсіргі, мұзқатқы, суқашыртқы.

Сөз құрастыруыш тұлғаларды автор 3 түрлі аяда көрсетеді: аффиксондтар, стандарт тұлғалар ж.,не жинақтауыш тұлғалар. «МұндаҚы аффиксонд дегеніміз нақты маҚынасынан дерексізденіп, қол Үзе бастаҚан, кей реттерде дербес те қолданыла алатын, бірақ көбінесе тіркескен сөзіне селбесіп, БС жасайтын делексикаланҚан бірліктер болып табылады. /13/.

Аффиксоид құрастырыштар:

- **хана.** Парсы тілінен енген «Үй, бөлме» мағынасындағы жұрнақ. Қоғамдық, жалпы халықтық тұтынудағы ортақ орын, мекен ғимараттарын атауға қатысты ресми қолданыста жұмсалады.Мысалы, асхана, емхана, етхана, ұстахана, жындыхана, балахана, баспахана, жатақхана, құжатхана, кірхана т.б.

- **құмар.** «ынтық, ынтызар, асық» және «әуес, үйір, құштар, қызықтағыш» ұғымын білдіреді. Мысалдары: аңқұмар, арызқұмар, атқұмар, қағазқұмар, әнқұмар, балқұмар, бәлеқұмар, кітапқұмар, қағазқұмар т.б.

- **жай.** Толық мағыналы сөзден аффиксоид қатарына өткен тағы бір тұлға- жай. Алдымен қора-жай қос сөзінде көрінді. Кейін мекен-жай /адрес/ мағынасына ие болды. Екі сөз бірігіп мекенжай – орын мағынасын алды. Қазіргі кезде әуежай, егінжай, еружай, жағажай, жылужай, кемежай, қоңыржай, қонысжай, қоражай, малжай, панажай, саяжай т.б. Бәріне ортақ мағына – белгілі бір орын, мекен, тұрақ яғни кеңітіктің бір нүктесі.

- **ара.** «Ара сөзінің термин құрастыруыш қатарына өтуі препозицияда да, постпозицияда да екінші сыңармен бірге таңбалану формасына ие болумен көрінеді. Мысалы, арақатынас, арақашықтық, аражік, арасалмақ, арагідік, арақатыс, екеуара, өлара, өзара, ішінара т.б. Аралық сөзінің арнайы

формантқа айналуы халықаралық сөзінен бастау алып, ауыларалық, буынаралық, жоларалық, қалааралық, пәнаралық т.б. сияқты атаулармен жалғасады.

- **тану.** Абайтану, ағаштану, әдебиеттану, әуезовтану, қоғамтану, өнертану.

- **жанды.** Ақынжанды, ержанды, итжанды т.б.

**Стандарт құрастырушылар:** басы, хат, гүл, от/ы/, жегі, ақы, балық, қап, ауру, той т.б. Бұл қатардың сандық та, сапалық та сипаты – тіркескен сөзге ортақ белгілі бір стандарт мағына үстейтін, бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ, бір семантикалық аймақтағы лексикаларды құрайтын, жеке де қолданыла алатын сипаты – оларды формалды белгінің стандарт құрастырушыштарына топтайды». /61 бет/.

**Хат сыңарлы:** сенімхат, тілхат, қолхат, құснихат, жолдаухат, үндеухат т.б.

**Қап сыңарлы:** буынқап, кесеқап, сандыққап, көрпеқап, бұршаққап, тезекқап т.б.

**Шөп сыңарлы:** еменшөп, жұмыршөп, жұпаршөп, жаншөп, күреңшөп т.б.

**Гүл сыңарлы:** азагүл, бөрікгүл, жарықгүл, дәстүргүл т.б.

**От/ы/ сыңарлы:** ақот, аю оты, бақа оты, балықоты, киікоты, қоянот т.б.

**Жегі сыңарлы:** ағаш жегі, алма жегі, балық жегі, тіс жегі т.б.

Жинақтауыш құрастырушылар: бас,ағаш, құрт, тамыр, тікен, жапырақ, аяқ, тас сөз «тұлғалары бүтіннің жалпыға ортақ бөлшегі ретінде жұмсалып, белгілі бір сөздің сүйемелі арқылы ғана заттың атауы болатын, стандарт мағынадан гөрі ұғымды жинақтау қызметін атқаратын, бір денотативке байлаусыз, көп денотативке ортақ сөздер» /65-бет/.

**Бас сыңарлы:** қалжыңбас, қылжақбас, желбас, маубас, жүдеубас т.б.

**Тікен сыңарлы:** бозтікен, бұрметікен т.б.

**Тамыр сыңарлы:** кіндіктамыр, жертамыр, мыңтамыр, сабынтамыр т.б.

**Жапырақ сыңарлы:** бабажапырақ, иманжапырақ, теңгежапырақ т.б.

## 2. Сөздердің бірге жазылуының семантикалық факторы.

Бұл фактор бойынша сөздің бірге жазылу уәждемесі оның құрамындағы сыңарларының семантикалық арақатысымен айқындалады. Себебі тілдік таңбаның мазмұн өресі оның /тілдік таңбаның/ 1. қоршаған ортамен қатынасы /сигматика/; 2. қолданушымен қатынасы/ прагматика/; 3. мәтіндегі басқа таңбамен қатынасы / синтактика/; 4. жүйедедегі басқа таңбамен қатынасы / семантика/ аспектілерінде қаралуында /10/ кейде компоненттері экстралингвистикалық мәнділіктен алшақтай қоймаған жалақы, уыққап, итаяқ сөздері бірігіп, ал жер ошақ, кәрі жілік, мойын омыртқа сияқты сөздер бөлек жазылатын уәждемесі күрделі мәселелер кездеседі.

Бұндай түсініксіз жолмен біріктірілген құрама сөздерді жүйелеуде автор фразеологиядағы коннотат – денотат теориясын қолданады. Денотат-латынның denotare «белгілеу, білдіру» сөзінен шыққан. Лингвистикада

денотат белгілі бір сөз білдіретін объектив дүниедегі зат не құбылыстар; белгілі бір сөзді айтқанда ойымызға келетін зат не оның белгілері деп алынып, денотаттық мағына адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызатын заттың қасиеті. /1.75-77 беттер/ ретінде түсіндіріледі.

Күрделі сөздің экстралингвистикалық мәнге сәйкес келетін атау сыңары  $D_1$ -мен /денотат мағына/, экстралингвистикалық мәнмен тікелей емес, жанама байланысы бар атау сыңарлар  $D_2$ -мен, «соларға ұқсас» деген сыңарлар  $K_1$ -мен /коннотат/, ал синхрондық тұрғыдан мүлде белгісіз, уәждемесі жоқ деген атау сыңарлар  $K_2$  –мен белгіленеді. Мұндағы семалар экстралингвистикалық  $D_1$  мәннен алшақтап / $D_2$   $K_2$  / және одан қол үзген сайын /  $K_2$  / екі құрамды күрделі есім сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түседі. /13/.

Бірге жазудың мағыналық уәждемесінің сипатына қарай БС-дер эндоцентрлі, экзоцентрлі БС-дер 3 топқа бөлінеді: 1-топқа  $D_2$   $D_1$  қатынаста тұратын сарымай, құрбақа, көлбақа, ақайрауық, жерошақ сияқты сөздер жатқызылады. 2- топқа  $D_1D_2$  қатынастағы жертөле, жертөсек, қонақүй сияқты сөздер жатқызылады. Бұған көз жеткізу үшін трансформация /жаймалау/ әдісі қолданылады. Мәселен жертөле сөзінің сыңарларын «жаймалап» түсіндірсек, «жерден қазылған баспана», БС-дің алдыңғы сыңарлары қайталанатын / $D_1$ /, соңғы сыңары қайталанбайды / $D_2$ /.

3-топқа қосауыз, ақиық, дөңмандай сияқты бүтіннің орнына бөлшек /ауыз, иық, маңдай/ жұмсалатын синекдохалық қолданыстың атаулық қызметі негізінде жасалған біріккен сөздер жатқызылады. Бұндай БС-дердің алдыңғы сыңары  $D_1$ . ді, соңғы сыңарлары  $D_2$ - ні көрсетеді.

Экзоцентрлі БС-дердің мағынасы оның сыңарларының мағынасынан шықпайды. Олар 3 топқа бөлінеді.

1-топ.  $D_2D_2$ ,  $K_1D_2$  қатынаста тұрған метаномиялық қолданыстың атаулық қызметінің актуальдануынан пайда болған аюқұрақ, қазтабан, бұзаубас сияқты БС-дер ұқсату негізінде бір заттың архасемасы екінші заттың дифференциалды семасы айналып тұр.

2-топ.  $K_1K_1$  қатынасындағы метафора негізінде пайда болған ақсақал, ақсүйек, бойкүйез, бақталас, төлтума, қолтаңба сияқты сөздер.

3-топ.  $K_2K_2$  қатынастақы аққус, ақлақ, ақжҮрек, ақбикеш, далан-топшы, күлд.,рі, итсабын, итсандық сияқты сөздер. /131-бет/.

Сонымен, Қ.Күдеринаның «Бірге, бөлек таңбаланатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері» еңбегінде күрделі /құрама/ сөздердің бірге не бөлек таңбалануы-ның қазіргі тілтану аясындағы қол жеткен нәтижелерге сүйене отырып, ғылыми – теориялық негіздемесі жан-жақты баяндалғанын көреміз. Сонымен қатар Қ.Күдеринова бірге жазылатын сөздерді босаралықсыз таңбаланатын сөздер деп бөле қарастырады. Бөлек жазылатын сөздерді 5 сатыға бөліп, олардың да ғылыми теориялық түсіндірмесін ұсынады. Сонда бөлек жазылатындар мынадай тілдік бірліктер:

1. Сөйлем мүшелері; 2. Синтаксистік сөз тіркесі де,ңгейіндегілер /алтын сағат, күміс қасық, кеңсе құралы, сабақ үлгерімі/;

4. Фразеологиялық тіркестер /ит әуре, мысық тілеу/; 5. Лексика-лық синтагма, яғни КС-дер /тандыр нан, ат қора/.

### **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. М.Балақаевтың «Біріккен сөздердің орфографиясы» еңбегіне конспект жасаңыз / кітап: М.Балақаев «Қазақ әдеби тілі, Алматы, 1987 217, 218 бб/.

2. Н.Уәлиев, А.Алдашева «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» /Алматы «ғылым» 1988/ кітабынан «Біріккен сөздер мен шылаулардың жазылуы» тақырыбын конспектілеңіз. /55-66 бетке дейін/.

3. Жаттығу жұмыстарын орындаңыз.

Берілген күрделі сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатындарын ажырата көрсетіп, бөлек- бөлек теріп жазыңыз.

Бұл сөздердің неге бірге, немесе бөлек, не дефис арқылы жазылатынына теориялық жақтан түсінік беріңіз.

Әлде /не/, ақ/табан/, жүк/аяқ/, қонақ/ жай/, абысын/ ажын/, баж /бұж/, балалы/шағалы/, дау/ жанжал/, ерсілі/ қарсылы/, жайма /шуақ/, жан/ тәнімен/, жайма/қоңыр/, көз/қарас/, көш/басшы/, қос/аяқ/, иман/жапырақ/, тіс/ағаш/, Үкі/ көз/, бай/ұлы/, жеті/ру/, қол/соқпақ/, бір/уақ/, әдебиет/тану/, аудан/аралық/, жазушы /сымақ/, батыр/сымақ/, агро/база/, изо/сызық/, аэро/құрылыс/, авиа/бензин/, авиа/бомба/, авиа/мектеп/, радио/ әуесқой/, авиа/ матор/, фото/ альбом/, бет/орамал/,ас/қасық/,қасқа/бас/, қауға/бас/, баспа/бас/, соқа/бас/.

Сөз, тас, жапырақ сөздерімен келетін фразалық тіркес, біріккен сөз, құрама тіркескен сөз, еркін сөз тіркесін тауып жазып, жаз-ылу емлесіне ауызша түсінік беріңіз.

Текстегі кіріккен күрделі сөздердің астын сызыңыз: /Диктанттар жинағы Алматы, Алтын, 1993 32- бет.

### **7. Сөздердің жарыспалы нұсқалары /вариант сөздер/, олардың жазылу емлесі туралы.**

Сөздің жарыспа тұлғалары дегеніміз – мағыналық жағынан абсолют теңдікте тұрған, сөйлемде ешбір ренктік, стильдік бояуымен ерекшеленбейтін, әр алуан себептерден дыбыстық немесе тұлғалық ауытқуға ұшырап, әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген дыбысталуы бөлек, бірақ қолданылуында мағыналық дербестігі жоқ, бірнеше вариантта айтылатын сөздер. /14.3/. Мысалы, риза-разы, ырза, дәнеңе-дәнеме, ештеңе-ештеңе, үлгіру-үлгеру, суару-суғару, түгендеу-түгелдеу, тырнақтау-тірнектеу, айқай-айғай, мүлде- мүлдем, бірдеме-бірдеңе т.б.

Сөздің жарыспалы тұлғалары /вариант сөздер/, фонетикалық, ішінара морфологиялық құбылыстар негізінде пайда болады. Сөз варианттарының тілде қалыптасуына мынадай фактор себеп болатын тәрізді:

1. Кірме сөздердің, соның ішінде, араб-парсы сөздерінің қазақ тілінің дыбыстық заңдылығымен ауызекі тілде түрліше айтылып, қалыптасуы арқылы. Мысалы, әл-хал, қисап-есеп, қаракет- әрекет, Қылым-ілім, Қазиз-әзіз, қаржы-қаражат, мағлұмат-мәлімет, үкім-өкім, кінә-күнә, ауа-әуе, пұл-бұл, хайуан-айуан /15.118-119/.

2. Кейбір сөздердің айтылымында дыбыс өзгерістеріне ұшырауына байланысты /ауызекі сөйлеу/ мысалы, *шай-шәй, жай-жәй, ыразы-разы-риза, сәрсенбі – сәрсембі, дәнеңе – дәнеме, ештеңе-ештеме т.б.*

3. Бір түбірге морфологиялық тұлғалардың ұқсас варианттарының қосылуы арқылы. *Сойыс- сойым, бермек- берешек, арызқой- арызшы-арызшыл, пішін- пішім, піспек- піскен, шаруақор- шаруашыл- шаруагер, келешек- кележақ, барыпты- бардым.*

4. Кейбір тұлғалардың тарихи даму қалыптасу жолында ескі және жаңа тұлғалары қабат қолданылып, тілде екеуі де қалып қойған мүшелер. Мәселен, *суар-суғар, бермек- берешек, келешек- кележақ, не қылып- неғып- нағып, мән-мағына, алатын-алатұғын т.б.*

5. Бір сөздің түрліше жазылуынан да орфографиялық вариант сөздер түзіледі: *рахмет- рақмет, мақрұм- мақұрым, көк ала-көгала, байыйды-байиды т.б.*

Вариант сөздердің қолданылу, тілде қалыптасып, орнығу бағыты былайша болуы мүмкін: Біріншіден, кейбір вариант сөздер қолданыс барысында мағыналық реңк алып, әрқайсымен бөлек-бөлек лексикалық тұлға ретінде сақталуы мүмкін: мәселен *Үкімет – өкімет, рәсім – ресми, нысан – нышан, жирену – жиіркену, әжет/ әжетхана / - қажет/іс/, хош – қош т.б.*

Екіншіден, вариант сөздердің өзге түрлері ауызекі сөйлеу тілінде, диалектизмдер қатарында қалып, бір ғана түрі әдеби нормаға енуі мүмкін. Мысалы, *ұқсау - ұсау, жылылай - жылыдай, дөңгелек - доңғалақ, абақты - лабақты, алатын - алатұғын, абырой – абиыр - абырай т.б.* Көрсетілген варианттардың бірінші сыңарлары әдеби нормаға жатады.

Үшіншіден, вариант сөздердің бірқатары бірнеше нұсқаларымен әдеби тілде жарыса қолданылуы мүмкін. Мысалы, *ажуа – әжуә, ән – әуен, міне – міні, ұдайым – ұдайы, бақыраю бақшию – бағжию – бажбию, балақай – балақан, барлық – барша, бастық – басшы т.б.* Немесе варианттық қатардағы әрбір сөз белгілі бір стиль түрінде қолданылуы, яғни стильдік сипат алуы мүмкін. Мәселен бастық дегеннен гөрі басшы ресмилеу, ғажап-поэтикалық, ғажайып- кітаби, ғылыми стильге бейім деуге болады. Барлықтан гөрі барша нұсқасы көркем әдебиетке жақын. Немесе кейбір варианттар бір-бірінен экспрессивтік бояуымен де ажыратылуы мүмкін. *Бақыраю – бақшыраю – бақшию – бағжию-бажбию, ақыраңдау – әкіреңеу, білгір – білгіш, қымбаттау-қымбатсу, ертеңіне – ертесіне т.б.* сөздерін салыстырып қарасақ бұҚан көз жеткізуге болатын т.,різді.

Біз үшін маңыздысы вариант сөздердің жазылу емлесі болғандықтан, олардың орфографиялық ережеге қалай бағындырылатынына назар аударайық.



1978 жылғы Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің кіріспесінде вариант сөздердің сөздікте берілуі туралы: «Тіліміздің сөздік құрамында әр түрлі фонетикалық вариантта айтылатын біраз сөздер бар. Олардың бір қатарының жазылуы бұл күнде едәуір қалыптасқанымен, бірсыпырасының жазылуы әзір бір ізге түсіп үлгірген жоқ. Сөздікте мұндай сөздердің ішінде жазылуы қазір біршама орнықты дегендерін шама келгенінше сол орныққан қалпында беру көзделді. Бұл топқа мынадай сөздер жатады: *әжім – ажым, ажюа – әжуа, барым әзір – бармазыр, бәйшешек – байшешек, әрдайым – әрдәйім, әмбе – әмме, беймаза – бимаза, жайт – жәйт, бұрнағы күні – мұрнағы күні, бүлдіргі – бүлдірге, өмір – ғұмыр, қу жүгермек – жүгірмек, көнбіс-көнпіс, қарақат- қаракет, балуан- палуан, пенде- бенде, пітір- бітір, бірадыр- пірадыр* т.б. Сөздікте бұлардың алдыңғы сынарлары ұсынылды» деп көрсетілген. /16.11/. Дегенмен аталған сөздікте барым әзір сөзі реестрде жоқ, ал палуан /балуан сөзінің екі варианты да реестрде ж/және/ арқылы берілген. 1988 жылғы сөздікте көрсетілген вариант сөздерден *әжім, ажюа, өмір, ғұмыр, бүлдіргі, бүлдірге, палуан /балуан, пірәдар* нұсқалары берілген. өмір және ғұмыр, бүлдіргі және бүлдірге сөздері дербес сөз тұлғалары ретінде жеке реестрде берілген. Әрі қарай сөздіктің /1978/ кіріспесінде былай көрсетіледі: «Ал, енді жазылуы әзір бір ізге түсіп орныға қоймаған *айқай – айғай, тәж – тәжі, жалпақ – жайпақ, зәбір – жәбір, уағда – уәде, азар – әзер, айуан – хайуан, жаһан - жиһан, хәкім – әкім, қолбырау – көлбіреу, риза – ырза – разы, кулейді – гулейді, гарып – кәріп, қапыда- қапияда, кәртамыш – қартамыш – қартамыс* тәрізді көптеген сөздердің бірін қалдырып, екіншісін қолдануға тыйым салу дұрыстыққа жатпайтын болғандықтан, мұндай сөздердің екі түрін де сөздікке енгізуді мақұл көрдік. Демек, жазуда бұл сөздердің екі вариантын да бірдей қолдана беруге болады» /16.11/.

1988 жылғы Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде вариант сөздер туралы: «Морфологиялық, фонетикалық варианттардың бұл күнде дербес лексикалық мағынада қолданылатындар /*өкімет – үкімет, уәде – уағда, оқиға – уақиға*/ немесе стильдік мақсатта екі түрі де жұмсалатындары /*шайтан – сайтан, дәрі – дәру, заман – замана*/, я болмаса семантикалық үстеме мағынаға ие болғандары /*үстел-стол, резеңке- резина*/ сөздікте жеке-жеке реестрде беріледі. Ал мұндай сипатқа ие болмаған, бірақ екі варианты да қолданыста бар жарыспалы сөздер *ж* /және/ деген белгімен қатар ұсынылады: айғай ж айқай, балуан ж палуан /олардан туындаған сөздердің әрқайсысының жарыспалылығы көрсетілмейді/. /16.15/.

С.Бизақовтың вариант сөздер сөздігі кітабында /14/ фонетикалық вариант қатарына жатқызуға болатын тек 300-дей сөз болса, 1988 жылғы сөздікте жеке реестрге ие болған 16 түрлі ғана жарыспалы тұлғаларды кездестірдік. Бұлардың өзі *а/ә, д/т, б/п, қ/қ* т.б. дыбыстар сәйкестігі немесе метатеза, апакопа, афереза, элизия тәрізді фонетикалық құбылыстар негізінде пайда болған тұлғалар.

Олай болса вариант сөздердің жазылу емлесі біршама нормаланып /и,, бірнеше жарыспа тұлғаның бір вариантын жазу орнығып, иә жарыспалы

тұлғалардың әрқайсысы дербес мәнге ие болып немесе стильдік реңк алып жеке реестрге беріліп/, ретке келген деп есептеуге болатын тәрізді.

1988 жылғы сөздікте вариант сөздер ретінде екі тұлғасы да қатар көрсетілген тұлғалар /фонетикалық варианттар/

Р еті	Реестр бойынша берілген тұлға	Қандай фонетикалық құбылысқа жатады	Беті
	айғай ж. айқай	к/қ сәйкестігі аккомодация	28
	Балуан ж. палуан	б/п сәйкестігі игерусіз өзгеріс	61
	Батсайы ж. патсайы	б/п – бұ да сондай	65
	Бәле ж. Пәле	б/п – бұ да сондай	66
	Бұнда ж. мұнда	б/п – бұ да сондай	82
	Бұндай ж. мұндай	б/м – бұ да сондай	82
	Бұнша ж. мұнша	б/м – бұ да сондай	83
	Дәнеме ж. Дәнеңе	м/ң- сәйкестігі	99
	Ештеңе ж.ештеме	м/ң- сәйкестігі	117
	Пара-пар ж. бара-бар	п/б – сәйкестігі	268
	Пәле ж.бәле	п/б – сәйкестігі	270
	Піссіміллә ж. Біссіміллә	п/б – сәйкестігі	275
	Тілмар ж.ділмар	т/д – сәйкестігі	352

### Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. 1978 жылғы сөздік бойынша фонетикалық вариант сөздердің жоғарыда көрсетілген үлгімен кестесін жасаңыз.

2. Төменде берілген жарыспа тұлғалардың қайсы варианты жазу нормасына сай келеді. Себебін ғылыми тұрғыда дәлелдеп беріңіз:

Рақмет/рахмет/, ақымақ/ахымақ/, кемтар/кем тар/, кәсіпорын/кәсіборын/, хазірет/қазірет/, шекара/шегара/, жина/жыйна/, қорытынды/қортынды/, қауіп /хәуіп/, махұұм /мақұұм/, ірткі/іріткі/, көкала/көгала/, даусы/дауысы/, аулы/ауылы/, айуан/аюан/, әлі/пәлі/, байиды/баиды, байыйды/, кейиді/кеййиді, кеиді/, бара алмаймын/баралмаймын, барып па екен/барыппекен/, насихат /нәсихат/, итбүлдірген/ит бүлдірген/, ділгір/ділгер/, жүгермек/жүгірмек/,

*жәдігөй/жадыгой/, дімкәс/дымқос/, жәдігер/жадыгер, жәдігер/, қанішер /қанышер/, бәйтерек/байтерек/.*

3. *Вариант сөздер қатарынан орфоэпиялық варианттарды бір бөлек, орфографиялық варианттарды бір бөлек грамматикалық варианттарды бір бөлек, синтаксистік варианттарды бір бөлек теріп жазыңыз. (С.Бизақовтың сөздігі бойынша)*

## **8. Басқа тілден енген сөздердің қазақ тіліндегі жазылу емлесі**

Басқа тілден енген сөздер негізінен екі бағытта толтырылады: орыс тілінен енген сөздер, араб-парсы тілінен енген сөздер. Араб-парсы тілінен қазақ /жалпы түркі/ тіліне сөз ауысу өткен ғасырларда, қарым-қатынас жасаудың ауызша формасы басым болып тұрған кезеңде жүрді. Сондықтан араб-парсы тілдерінен енген сөздер басқа түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдылықтарына бейімделіп, төл тіліндегі бастапқы графикасынан мүлде алшақтап, қазақ тілінде айтылуынша қалыптасты. /12.99/.

Араб-парсы тілінен енген сөздерді жазуда кедергі келтіретін 2 мәселе ғана бар:

1. Аралас буынды сөздердің жазылуы. *Қазір – кәзір, қазірет- қазырет, қасірет – қасырет.* /Қазақ тілінің Үндестік заңына бағынып бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке жазылса, кейде аралас буынмен жазылады/.

2. Кейбір сөздердің 2 түрлі айтылып, жазылып қалыптасуы нәтижесінде вариант сөздер қатарын толықтырды: *барабар – парпар, пайым- байым, заман – замана, тозақ – дозақ, балуан- палуан т.б.* Бұлардың қатарында семантикалық дифференциациялау процесіне ұшырап, түрліше қоғамдық-саяси ұғымдардың атауларына айналған қатарлар да бар. *өкімет – үкімет, өкіл – уәкіл, ілім – ғылым, ауа – әуе т.б.* /12.100/.

Орыс тілінен енген сөздерді қазақ тілінде жазылу емлесіне 2 топқа бөлеміз: 1. Қазақ тіліне ертеректе (қазан төңкерісіне дейін) еніп, ауызша айтылған күйінде жазылып қалыптасқан сөздер. Мәселен, *бәтеңке, самаурын, үстел, болыс, бөрене, кәстрөл, кәмпит, кәрзеңке т.б.*

2. Қазақ тіліне кейінірек жазба тіл арқылы енген негізінен орыс тіліндегі тұлғасын графикалық, грамматикалық жақтан сақтап жазылатын сөздер.

Сондай-ақ орыс тілінің *а* дыбысына аяқталатын біршама сөздері қазақ тілінде *а* дыбысы түсіріліп те, *ы* дыбысына қысандап та, *а* дыбысы сақталып та айтылып, жазылып жүр. Мұндай әртүрлілік былайша түсіндіріледі: газет /газета/, минут /минута/, пар /пара/, аптек /аптека/, цифр /цифра/ сөздерінің орыс тіліндегі орфоэпиясында екпін сөз ортасына түседі. Қазақ тілінде ауызша қабылданғанда сөз аяғында *а* дыбысы мүлде көмескіленіп түсіп қалады. *Лампа, итанга, майка, марка, мода* тәрізді сөздер орыс тілінде айтылғанда екпін сөздің алғашқы буынына түседі, ол қазақ тіліне

қабылданғанда сөз соңындағы *a* көмескіленеді, бірақ 2 дауыссыз қатар тұра алмайтындықтан соңына қысаң *ы* тіркеледі /12.83/. Ал *перспектива, директива, коллега, декада, дидактика, спартакиада, серенада, логика, формула* т.б. термин сөздерде *a* дыбысы түсірілмейді. Бұған себеп бұл сөздердің қазақ тіліне жазба тіл арқылы енуі екені белгілі.

Орыс тілінен жазбаша тіл арқылы енген сөздер (негізінен терминдік сөздер мен терминдік тіркестер) орыс тіліндегі тұлғасын сақтап жазылады. Дегенмен орыс тілінен енген түбірлерге қазақ тілінің қосымшасын жалғағанда белгілі бір жүйеге бағынуды қажет ететін күрделіліктер кездеседі. Р.Сыздықованың «Емле және тыныс белгілер» (А., Рауан 1996) еңбегінде осы мәселе нақты баяндалады. Орыс тілінен енген түбір сөздерге қазақ тілі қосымшасын жалғап жазудың негізгі ережелерін іріктеп көрсеткен мыналар:

- Соңғы буынында (бір буынды сөздің өзінде) *y* дыбысы бар сөздерге қазақ тілі қосымшасы жуан жалғанады: *курс-қа, автобус-қа, институт-тың т.б.*

- Соңғы буынында (бір буынды сөздің өзінде) *и* дыбысы бар сөздерге қазақ тілі қосымшасы жіңішке жалғанады: *кассир-ге, синтаксис-ке, магниттік т.б.*

- *к* дыбысына аяқталған сөздерге қазақ тілі қосымшалары сөздің соңғы буынындағы дауыстының әуеніне қарай жалғанады: *физик-тер, маяк-тың, поляк-қа т.б.*

- *Рк, рг, ск, кт, кс, нк, нг, лк, нкт* дыбыстар тіркесіне аяқталған сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *парк-тер, танкі-ге, киоскі-ден т.б.*

- жіңішкелік белгісіне аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады: *лагерь-ге, фестиваль-қа т.б.*

Бұл ережеге тәуелдік жалғауы ғана бағынбайды, үнемі жіңішке жалғанады: *лагері, фестивалі, дизеліміз.*

- Соңғы екі дауыссыздың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге қазақ тілі қосымшалары буын үндестігі бойынша жалғанады: *вальс-қа, вальс-ы, асфальт-та, асфальт-ымыз т.б.*

- *кль, брь, бль* тәрізді дауыссыз дыбыстар мен жіңішкелік белгісіне аяқталатын бір буынды сөздерге қазақ тілі қосымшалары әрдайым жіңішке жалғанады: *ансамбль-ге, бинокль-дің, октябрь-сіз т.б.*

- *л* дыбысына біткен сөзге қосымшаның алдынан жіңішкелік белгісі қосылып жазылатын сөздерге (материал – материальный) қазақ тілі жұрнақтары жалғанғанда жіңішкелік белгісі жазылмайды: *материальный – материалдық, коммунальный – коммуналдық т.б.*

Ал жұрнақтар жалғанбай-ақ түбірдің өзінде жіңішкелік белгісі бар сөздерге (мораль, артель, акварель) қазақ тілі қосымшасы жалғанғанда жіңішкелік белгісі сақталады: *моральный-моральдық, коммунальный-коммуналдық т.б.*

- соңғы буынында ю, ё, э дауысты дыбыстар келетін сөздерге қазақ тілі қосымшалары жіңішке жалғанады: *полюс-ті, актер-лер, дуэт-і* т.б.

-нд, нз, нк, нг, мп, мб, кт, ск, вт, фй, мт дыбыстарына аяқталған сөздерге қазақ тілі қосымшалары ы, і, дәнекер дыбыстары арқылы жалғанады: *фонд+ы+сы, киоск+і+лер, митинг+і+лер, факт+і+сіз* т.б.

Ал *нс, рс, рт, рш, нт, рд, рм, фр* т.б. тәрізді дыбыс тіркестеріне біткен сөздерге қазақ тілі қосымшалары дәнекер дыбыссыз тікелей жалғанады: *финанс+қа, цемент+тен, цифр+ға, хлороформ+ға* т.б.

-сс, лл, тт, нп, ст, кст, сть, зд, нк дыбыстарына біткен сөздерге қазақ тілінің қосымшасы жалғанғанда соңғы дауыссыз түсіріледі: *ведомость-ведомостқа, съезд-съезге, грамм-граммы, Донбасс-Донбасқа* т.б.

Ал бірдей қос дыбыстарға аяқталған жалқы есімдерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда қос әріп сақталып жазылады: *Кириллге, Гриммдер*, тек қана қосымшаның басқы дыбысы қос дыбыспен бірдей болғанда, біреуі түсіріліп жазылады: *Гримммен емес, Гриммен*.

Орыс тілінен енген сөздерге қосымша қосудың ережеге бағынбайтын да тұстары кездеседі:

1. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша *қ, к, н* дауыссыз дыбыстарына біткен сөздерге қосымша дауыстыдан басталып жалғанса, бұл дауыссыздар ұяндап *қ, г, б* дыбыстарына айналады. Орыс тілінен енген сөздерден *к* дыбысына біткен сөздерге қосымша жалғанып ережеге бағынады: *гудок-гудогы, кубок-кубогы, механик-механигі* т.б. Ал *п, х* дыбыстарына аяқталған сөздер бұл ережеге бағынбайды: *окоп-окопы, тип-типі, цех-цехы, альманах-альманахы* т.б. Қазақ тілінде осы тәріздес бірен-саран сөз ұшырасады: *сап-сабы, сапы, қазақ-қазағы, қазақы* тәрізді.

2. –ль әріптеріне аяқталатын бір буынды сөздерге қосымша жіңішке түрде жалғанады: *роль, рольге, ролі, ноль, нольге, нолі*. Дәл осы сияқты аяқталатын көп буынды сөздерге бірде жуан, бірде жіңішке жалғанады: *гастрольға, гастролі, гастрольдың, бандероль, бандерольға, бандеролі* (ҚТОС, 1988 ж. 60-бет, 92-бет). Ал 1978 жылғы ҚТОС-де *гастрольға, гастролы, гастрольдан, бандероль, бандеролы, бандеролға, бандеролдан* түрінде біріңғай жуан қосымшалармен беріледі.

Сондай-ақ –аль дыбыстар тізбегіне аяқталатын сөздерге қосымша негізінен, *а* дыбысының ыңғайымен жуан жалғанады: *фестивальға, моральды, госпитальдан* т.б. Тек қана тәуелдік жалғауы жіңішке жалғанады: *фестивалі, моралі, госпиталі* т.б. 1978 жылғы сөздікте *моральға, моральдан, моралы* т.б. түрінде бекітілген.

3. Соңғы дыбыстары *ог, уг* түрінде келген сөздерге қосымша тек жіңішке жалғанады. Ал *ак, аг, ок, ук* дыбыстарына аяқталған сөздер бұған бағынбайды: *парторг, парторгке, парторгі, педагог, педагожке, педагогі* (ҚТОС. 1988 ж. 268, 270-бет), бірақ *анилагқа, анилагы, бамбук-бамбукқа, бамбугы, галстук-галстукқа, галстугы* (ҚТОС. 1988 ж. 38-бет, 61-бет, 91-бет).

• **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Публицистикалық стильде жазылған мәтін бойынша орыс тілінен енген сөздерді теріп жазып, орфограммасына талдау жасаңыз.
2. Материальдық-материалдық, предикативтік-предикативті-предикатты, модальдігін-модальдылық-модальдық-модальдік, педагогы-педагогі тәрізді бірнеше вариантта жазылатын орыс тілінен енген сөздердің бірнеше мәтін түрлері (әр түрлі шығармалардан, газет-журналдардан) бойынша жиілік кестесін жасаңыз.

**Сілтеме көрсетілген әдебиеттер:**

1. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. «Сөздік – словарь» 1998
2. С. Мырзабеков Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық нұсқаулар. Алматы «Қазақ университеті» 1991
3. С. Мырзабеков Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. Алматы «Сөздік-словарь» 1999
4. Р.Сыздықова Емле және тыныс белгілері. Алматы «Рауан» 1996
5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы «Қазақстан» 1988
6. Қазіргі тілі жөніндегі революцияға дейінгі зерттеулер. А., «Ғылым» 1994.
7. А.Байтұрсынов Тіл тағылымы. Алматы «Ана тілі» 1992
8. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі Астана: Елорда, 2000 ж
9. Қ. Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым» 1998.
10. І. Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев Қазіргі қазақ тілі. Алматы «Мектеп» 1975
11. Ж. Аралбаев Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы «Ғылым» 1988
12. Н. Уәлиев, А. Алдашева Қазақ орфографиясындағы қиындықтар А.: Ғылым, 1988. -110 б.
13. Қ. Күдерінова Бөлек және бірге таңбаланатын сөздердің орфограммасы. Алматы: Арыс, 2001. -240 б.
14. Бизақов. Вариант сөздер сөздігі Алматы, 1995.
15. Ә. Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы» А.: Санат, 1997. -255 б.
16. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі Алматы, 1978 ж.

**Тест сұрақтары**

\$\$\$1 Орфография дегеніміз не?  
А. Сөздерді дұрыс жазу емлесі

- В. Сөздерді дұрыс айту емлесі
- С. Тыныс белгілерін зерттейтін сала
- Д. Дыбыстар үндесуі
- Е. Терминдер туралы ғылым

\$\$\$2. Дыбыс пен әріптің басты айырмасы неде?

- А. Дыбыс – айтылым, әріп тыңдалым құралы
- В. Дыбыс – жазылым, әріп тыңдалым құралы
- С. Бірі жазба тілдің, бірі ауызша тілдің құралы
- Д. Дыбыс – ауызша әдеби тілге, әріп жазбаша әдеби тілге тән
- Е. Дыбыс - өзгеріске бейім, әріп өзгермейді

\$\$\$3. Қазақ орфографиясында қандай ұстанымдар басшылыққа алынады?

- А. Морфологиялық
- В. Фонетикалық
- С. Фонематикалық
- Д. Морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлі
- Е. Дәстүрлі

\$\$\$4. Қазақ жазу емлесінде фонетикалық ұстаным қандай орындарда қолданылады?

- А. Түбір мен қосымшаның аралығында
- В. Төрт түрлі жалғаудың қолданылуында және сөз аралығындағы қ,п,к дыбыстарына қатысты
- С. Біріккен түбір аралығында
- Д. Тіркескен сөздер аралығында
- Е. Бір түбірдің бойындағы қатаң, ұяң дыбыстарға қатысты

\$\$\$5. Қазақ жазу емлесінде морфологиялық ұстаным қандай орындарда қолданылады?

- А. Біріккен сөз сыңарлары өзгертілген күйінде жазылады
- В. Түбір мен қосымшаның, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпалы ескеріледі
- С. Түбір мен қосымшаның, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпалы ескерілмей, түбірі сақталып жазылады
- Д. Тарихи түбірлердегі диссимиляция құбылысы арқылы
- Е. Сингармонизм заңдылығы сақталатын орындарда

\$\$\$6. Қазақ жазу емлесінде қатысты мәселенің күн тәртібіне қойылуы қай кезеңнен басталады?

- А. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап
- В. Кеңестік кезеңнен бері
- С. Тәуелсіздік кезеңі басталған соң
- Д. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуымен бірге

Е. Қазақ елінің Ресейге бодан болуымен тұстас

\$\$\$7. Алғашқы қазақ баспасөз беттерінде қазақ тілінің қандай мәселелері сөз болды?

- А. Аударма мәселесі
- В. Қазақ тілінің тазалығы, терминдерді пайдалану, қазақ графикасын жасау мәселесі
- С. Қазақ тіліндегі стиль түрлерін қалыптастыру
- Д. Қазақ жазуына латын графикасын пайдалану мәселесі
- Е. Қазақ графикасындағы бас әріп мәселесі

\$\$\$8. Қазақ жазуына орыс графикасын қолдану туралы мәселені алғаш қай ғалымдар көтерді?

- А. Бірен-саран қазақ ғалымдары және орыс ғалымдары
- В. Бірен-саран қазақ ғалымдары
- С. Орыс ғалымдары
- Д. Европалық ғалымдар
- Е. Шығыстанушы ғалымдар

\$\$\$9. Қазақ жазуына орыс графикасын қолдану туралы қандай жобалар ұсынылды?

- А. Қазақ жазуына ыңғайлап араб жазуын пайдалану
- В. Латын графикасын пайдалану
- С. Орыс графикасына қазақ дыбыстарын бейнелейтін қосымша таңбалар қосу және орыс графикасын өзгеріссіз қолдану
- Д. Орыс графикасындағы таңбаларды өзгеріссіз қолдану
- Е. Алдымен араб, кейін латын графикасын пайдалану

\$\$\$10. Қазақ жазуына графика таңдау туралы қазақ зиялыларының арасында қандай пікірлер болды?

- А. Орыс жазуын өзгертпей пайдалану
- В. Латын графикасын пайдалану
- С. Орыс графикасын қазақ дыбыстық жүйесіне лайықтап пайдалану
- Д. Араб не латын графикасын таңдау
- Е. Көне руна жазуын қайта жаңғырту

\$\$\$11. А.Байтұрсынұлының араб графикасынан қазақ дыбыстық жүйесіне ыңғайлап өзгерту туралы ұсынысы алғаш рет қай жылы, қай басылымда жарияланды?

- А. 1912 жылы «Айқап» журналында «Жазу тәртібі» деген мақаласында
- В. 1912 жылы «Айқап» журналында, «Шаһзаман мырзаға» мақаласында



С. 1913 жылы «Шора» журналында, «Қазақша сөз жазушыларға» деген мақаласында

Д. 1912 жылы «Айқап» журналында «Қазақша сөз жазушыларға» деген мақаласында

Е. 1913 жылы «Айқап» «Қазақша сөз жазушыларға» деген мақаласында

\$\$\$12. А.Байтұрсынұлы ұсынған реформаның ең басты өзгешелігі неде?

А. Бас әріпті енгізген

В. Араб графикасындағы басы артық таңбалардан арылтып, тек қазақ дыбыстарын бейнелейтін таңбаларды қалдырған

С. Бас әріпті және тыныс белгілерін енгізген

Д. Жуан және жіңішке дыбыстарды бөлек таңбалармен белгілеген

Е. Әріп саны артқан

\$\$\$13. А.Байтұрсынұлы реформасын қолдамаған қазақ зиялылары қандай уәж білдірді?

А. Орыс тілін, мәдениетін үйрену үшін араб жазуы кедергі келтіреді деді

В. Басқа түркі халықтарынан бөлектеніп қаламыз деді

С. Араб жазуында басы артық таңбалар көптігін тілге тиек етті

Д. Араб мәдениетімен байланысты болғандығы үшін қолдамады

Е. Араб графикасының жазып үйренуге қолайсыздығын дәлел етті

\$\$\$14 А.Байтұрсынұлының реформасын қолдап пікір білдірген кімдер?

А. Қ.Жұбанов

В. М.Дулатов, А.Жанташы

С. Ш.Жияшев

Д. Қ.Жұбанов, А.Жанташы

Е. М.Дулатов, Қ.Жұбанов

\$\$\$15. А.Байтұрсынұлы реформалаған араб графикасына негізделген жазу түрі қай жылы, қайда ресми түрде қабылданды?

А. 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық Түркологиялық съезде

В. 1929 жылы 24 қаңтарда «Жаңа алфавит туралы» Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінде

С. 1930 жылы бас әріпке байланысты арнайы қаулыда

Д. 1929 жылы ғылыми конференцияда

Е. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында

\$\$\$16 Қазақ жазуына латын графикасын қолдану туралы мәселе қашан заңдастырылды?

А. 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық Түркологиялық съезде

В. 1929 жылы 24 қаңтарда «Жаңа алфавит туралы» Қазақстан Орталық Кеңес комитеті президиумы мен Халық комиссарлар кеңесінің қаулысында

C. 1930 жылы бас әріпке байланысты арнайы қаулыда  
D. 1929 жылы ғылыми конференцияда  
E. 1924 жылы Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш құрылтайында

\$\$\$17. Қ.Жұбанов 1929 жылғы жазу емлесі туралы ғылыми конференцияда қандай ұстанымды негізге алу керек деп көрсетті?  
A. Сөз түбірін қосымшаның ыңғайымен өзгертіп жазу  
B. Түбірді де, қосымшаны да өзгертпей жазу  
C. Сөздерді айтылуы бойынша жазу  
D. Фонетикалық ұстанымды басшылыққа алу  
E. Морфологиялық, яғни түбірін сақтап жазу

\$\$\$18. Қ.Жұбанов 1935 жылы қазақ тілі терминологиясы туралы басты қандай пікір айтты?  
A. Басқа тілден енген термин сөздердің бастапқы қалпын сақтап жазған дұрыс деп көрсетті  
B. Басқа тілден енген термин сөздерді қазақ тілінің дыбыстық ыңғайымен өзгертіп жазуды ұсынды  
C. Басқа тілден енген термин сөздерді қазақша аударып пайдалануды дұрыс деп есептейді  
D. Басқа тілден термин алып пайдалану дұрыс емес дейді  
E. Қазақ тілі термин жасауға қолайсыз, терминдерді тек шеттен алу керек деді

\$\$\$19. Қазақ жазуы қазірге дейін қай жылы қабылданған ережені пайдаланып келді?  
A. 1940 жылғы  
B. 1957 жылғы 5 маусымда қабылданған емле – ережелерді  
C. 1963, 1978, 1988 жылдардағы  
D. 1983 жылғы 25 тамыздағы  
E. 1988 жылғы

\$\$\$20. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі қай жылдары шықты?  
A. 1991 жылы  
B. 1963, 1978, 1988 жылдары  
C. 1940, 1988 жылдары  
D. 1957, 1983 жылдары  
E. 1983, 1988 жылдары

\$\$\$21. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері қандай бөлімдерден тұрады?  
A. Түбір сөздер мен күрделі сөздердің жазылу емлесі  
B. Бас әріптің емлесі, қосымшалардың жазылу емлесі

С. Дыбыс әріптерінің емлесі, түбір сөздің жазылуы, қосымшалардың жазылуы, бас әріптің емлесі

Д. Орыс тілінен енген сөздердің жазылу емлесі, төл сөздердің жазылу емлесі

Е. Түбір мен қосымшаның, күрделі сөздердің жазылу емлесі

\$\$\$22. Ә дыбысының әріптік таңбасының жазылуында қандай ерекшеліктер бар?

А. Ә әрпінің жазба түрі мен баспа түрі бірдей

В. Ә әрпінің бас әріп түрі болмайды

С. Кейде ә дыбысының орнына а әрпі жазылады

Д. Ә әрпі сөз басында жазылмайды

Е. Ә әрпі сөз соңында жазылмайды

\$\$\$23. 1957 жылғы қазақ тілінің орфографиялық ережелер кодексіне қай жылы толықтырулар мен түзетулер енгізілді?

А. 1992 жылы

В. 1972 жылы

С. 1983 жылғы 25 августа

Д. 1978 жылы

Е. 1920 жылы

\$\$\$24. Ұ,ү әріптерінің емлесі туралы не білесіз?

А. Негізгі түбір сөздің бастапқы буынында ғана жазылады

В. Буын талғамайды

С. Сөздің аяғында жазылады

Д. Екеуі бірінің орнына екіншісі жазыла береді

Е. Бірі жуан сөзде, екіншісі жіңішке сөзде жазылады

\$\$\$25. Ы,і әіптерінің жазылуында қандай ерекшеліктер бар?

А. Сөздің екінші буындарында көмескіленіп естілсе де, жазуда таңбаланады

В. Буын талғайды

С. Буын талғамайды

Д. Сөз аяғында жазылмайды

Е. Сөз басында р, л әріптерінің алдында барлық уақытта жазыла бермейді

\$\$\$26. Ю әрпінің емлесі туралы қандай ережелер бар?

А. 1 ғана ереже бар: қазақ тілінде ю әрпі жоқ

В. 1 ғана ереже бар: қазақ тілінде иу дыбыс тіркесін таңбалайды

С. 2 ереже бар: қазақ тілінде ю әрпі жоқ, орыс тілінде иу қосар дыбысын таңбалайды

Д. 3 түрлі ереже бар: 1 [иуу], 2 [иұу], 3[у] дыбыс тіркестерін таңбалайды

Е. Арнайы ереже жоқ

\$\$\$27. У әрпі қандай қызмет атқарады?

- A. [ұу], [үү] дыбыс тіркесін, у үнді дыбысын таңбалайды
- B. Қазақ тілінде қызмет атқармайды
- C. Орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады
- D. Үнді у дыбысын таңбалайды
- E. бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстарды таңбалайды

\$\$\$28. И әрпі қандай дыбыстарды таңбалайды?

- A. Үнді и дыбысын таңбалайды
- B. Қазақ тілінде қызмет атқармайды
- C. Орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады
- D. [ый], [ій] дыбыс тіркесін, й үнді дыбысын таңбалайды
- E. бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстарды таңбалайды

\$\$\$29. Ф,х,ч,ц дыбыстарының жазылу емлесі

- A. Қазақтың төл сөздерінде жазылады
- B. Қосымшаларда жазылады
- C. Орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады
- D. Түбір сөздерде ғана жазылады
- E. Буын талғайды

\$\$\$30. Қазақ тіліндегі түбір сөздердің жазылу емлесі

- A. Түбірі сақталып жазылады
- B. Қосымшаның ыңғайымен жазылады
- C. Арнайы ережесі жоқ
- D. Бірыңғай жуан жазылады
- E. Бірыңғай жіңішке жазылады

\$\$\$31. Орыс тілінен енген рк, рг, ск, кт, кс, нк, рк, нкт дыбыстар тізбегіне біткен сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қалай жалғанады?

- A. Әрдайым жуан жалғанады
- B. Әрдайым жіңішке жалғанады
- C. Бірде жіңішке, бірде жуан жалғанады
- D. Қатаң дыбыстан басталып жалғанады
- E. Дауыстыдан басталып жалғанады

\$\$\$32. –ев(-ева) қосымшасы сөзге қалай жалғанады?

- A. Әрдайым жуан сөздерге жалғанады
- B. Әрдайым жіңішке сөздерге жалғанады
- C. Бірде жіңішке, бірде жуан сөздерге жалғанады
- D. Сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамастан жалғана береді
- E. Дәнекер әріптерден кейін жалғанады

\$\$\$33. нд, мп, кт, нг, нк, мб, ск, фт тәрізді дыбыс тіркесіне біткен орыс сөздеріне қосымша қалай жалғанады?

- A. Соңғы дыбыстың ыңғайына қарай бірде қатаң, бірде ұяң
- B. Тек жуан дауысты қосымшалар
- C. Тек жіңішке дауысты қосымшалар
- D. Қатаң дыбыстан басталып
- E. Ы, і дәнекері арқылы

\$\$\$34. Қандай сөз түрлері бірге жазылады?

- A. Тұлғасы өзгеріп барып, біріккен сөздер
- B. Қосарланған сөздер
- C. Еш, әр, кей сөздері зат есіммен тіркескенде
- D. Идиомалық тіркестер
- E. Есім, еліктеуіш сөздерден құралған күрделі сөздер

\$\$\$35. ақ, ау, мыс, ды, ді шылаулары сөйлемде қалай жазылады?

- A. Өздерінен бұрын тұрған сөзден бөлек жазылады
- B. Өздерінен бұрын тұрған сөзге біріктіріліп жазылады
- C. Өздерінен бұрын тұрған сөзден дефис арқылы ажыратылып жазылады
- D. Өздеріне мағыналық жақтан қатысты болған сөздің алдында тұрады
- E. Өздеріне мағыналық жақтан қатысты болған сөзден кейін тұрады

\$\$\$36. Бас әріп қандай орындарда қолданылады?

- A. Одағай сөздерге байланысты
- B. Сөйлем басында, жалқы есімдерде, қысқарған сөздерде, мемлекеттік атаулар мен лауазымдарда
- C. Оңашаланған айқындауыш мүшеге қатысты
- D. Сөйлем ішінде, жалпы есімдерде, сөз тіркестерінде
- E. Төлеу сөзге байланысты

\$\$\$37. Сөздер қандай жағдайда тасымалданбайды?

- A. Бас әріппен қысқарған сөздер, бір буынды сөздер, бірінші буыны бір дыбыстан тұратын екі буынды сөздер, кісі атының инициалы
- B. Көп буынды сөздер, алғашқы буындарынан қысқарған сөздер, кісі есімі
- C. Мемлекет, лауазым, қызмет атаулары
- D. Бас әріппен қысқарған сөздер, алғашқы буындарынан қысқарған сөздер
- E. Кісі атының инициалы, мемлекет, лауазым, қызмет атаулары

\$\$\$38. 1978 жылғы сөздік пен 1963 жылғы сөздіктің қандай айырмашылығы бар?

- A. Ғылым мен техниканың дамуына орай жаңа сөздер көптеп енгізілді, орыс тіліндегі терминдер түгел қазақшаланып берілді

В. Құрамы толықтырылды, жалқы есімдер алынып тасталды, вариант сөздердің екі нұсқасы қатар берілді

С. Ғылыми терминдер алынып тасталды, көне сөздер мен диалектизмдер енгізілді

Д. Жаппай орыс сөздері енгізілді

Е. Көне сөздер мен диалектизмдер енгізілді

\$\$\$39. Соңғы сөздіктерге (90 жылдардан бергі) қандай толықтырулар енгізілді?

А. Біріккен сөздердің жазылу емлесі алынып тасталды

В. Қос сөздердің жазылу емлесі алынып тасталды

С. Жеке әріптердің жазылу емлесі қысқартылды

Д. Орыс тілінен енген сөздер қысқартылды, күрделі сөздердің жазылу емлесі қайта қаралды, сөздерге қосымша қосып жалғаудың жаңа үлгілері берілді

Е. Орысша ай аттарының жазылу емлесі алынып тасталды

\$\$\$40. Клубқа, уставқа, педагогке сөздеріндегі қосымшалардың жалғануында қазақ тілінің төл табиғатына үйлеспейтін қайшылық бар ма, болса қандай ?

А. Бар. Берілген сөздерге қазақ тілінің қосымшасы тек жіңішке жалғануы тиіс

В. Бар. Педагог сөзінің соңғы буыны жуан болғандықтан қосымша жуан жалғануы тиіс

С. Жоқ.

Д. Бар. Клуб сөзіне қосымша ұяңнан бастап жалғануы тиіс

Е. Екі қайшылық бар: қазақ сөздері б, г дыбыстарына аяқталмайды, ұяңға аяқталған сөзге қосымша қатаңнан басталып жалғанбауы тиіс

\$\$\$41. И және у әріптерінің жазылу емлесінде кездесетін қиындықтар немен байланысты?

А. Бұл әріптерді дауыссыз дыбыстардың таңбасы деп танумен байланысты

В. Бұл әріптерді дауысты дыбыстардың таңбасы деп танумен байланысты

С. Бұл әріптер тек орыс тілінен енген сөздерде жазылатындықтан

Д. Бұл әріптердің дыбыстық түрлері кейбір сөздерде түсіріліп айтылатындықтан

Е. Бұл екі әріп бірінің орнына екіншісі қолданыла беретіндіктен

\$\$\$42. А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов арасындағы и және у әріптеріне қатысты негізгі пікір алшақтықтары

А. И және у әріптерін ый, ій, ұу, үу дыбыс тіркестерінің таңбасы ретінде тану және жеке дауысты дыбыс құрамына қоспау

В. И және у әріптерін тек жуан дауыстылардың таңбасы ретінде тану

- C. И және у әріптерін тек жіңішке дауыстылардың таңбасы ретінде тану
- D. И және у әріптерін тек үнді дауыссыздардың таңбасы ретінде тану
- E. И және у әріптерін тек орыс тілінен енген сөздерде қолдану

\$\$\$43. Қазіргі қазақ орфографиясындағы төл дыбыстардың жазылуына байланысты қандай қиындықтар бар?

- A. Қысқарған сөздердің жазылуына байланысты
- B. Күрделі сөздердің бөлек не бірге жазылуына, вариант сөздердің берілуіне байланысты
- C. Біріккен сөздер мен қос сөздердің жазылуына қатысты
- D. Жеке дыбыс әріптерінің жазылуына байланысты
- E. Бас әріптің жазылуына байланысты

\$\$\$44. Сөздердің бірге жазылуының тұлғалық факторына не себеп болады?

- A. Сөз сыңарлары грамматикалық формаларының элизияға ұшырауы, редукциялануы, фонетикалық контиминацияға ұшырау, бір екпігне бағыну
- B. Сөз сыңарларының семантикалық оқшаулануы
- C. Сөз сыңарларының грамматикалық бірыңғайлануы
- D. Сөз тұлғаларының жеке мағыналарын сақтап қалуы
- E. Сөздердің тұлғалық дербестігін сақтауы

\$\$\$45. Сөздердің бірге жазылуының семантикалық факторы немен айқындалады?

- A. Жеке сөздердің тұлғалық ерекшелігіне байланысты
- B. Сөздегі ұлттық астармен қатысты
- C. Тілдік бірліктердің қызметіне орай
- D. Адамның дүниені тану деңгейінің тілдік фактордағы көрінісі арқылы
- E. Құрамындағы сөз сыңарларының семантикалық арақатынасымен

\$\$\$46. Күрделі сөздердің жазылуындағы аффиксоид құрастырушыларға қандай қосымшалар жатады?

- A. Тіркескен сөзге белгілі бір стандарт мағына үстейтін қосымшалар
- B. Сөздердің мағыналарын бір-біріне ұластыратын қосымшалар
- C. Толық мағыналы сөзден аффикске өткен қосымшалар
- D. Жаңа үстеме мағына тудыратын қосымшалар
- E. Сөз сыңарлары арқылы берілетін ұғымды жинақтау қызметін атқаратын қосымшалар

\$\$\$47. Вариант сөздердің қолданылуы, тілде қалыптасуы қандай бағытта болады?

- A. Екі түрлі жағдайда: екі сыңары бөлек-бөлек мағыналық реңк алып, жеке қалыптасуы мүмкін, бір сыңары ғана әдеби тілге енуі мүмкін
- B. Үш түрлі жағдайда: екі сыңары қатар қолданылады, біреуі ғана қолданылады, екеуі де қолданыстан мүлде шығып қалады

- C. Тұлғасын сақтап, мағыналық дербестігінен айырылуы мүмкін
- D. Синонимдік қатар түзуі мүмкін
- E. Вариант сөздер тілдік қолданыстан мүлде шығарылып тасталады

\$\$\$48. Вариант сөздердің қалыптасуына қандай фактор себеп болады?

- A. Адамзаттың жалпы тілдік тәжірибесінде сөз жасаудың алғашқы әдісі ретінде туындайды
- B. Фонетикалық, ішінара морфологиялық құбылыстар негізінде қалыптасады
- C. Кірме сөздердің көптеп енуі
- D. Көне сөздердің ішінара сақталуы
- E. Тілдер арасындағы араласу құбылысы

\$\$\$49. Вариант сөздер сөздікте қалай беріледі?

- A. Әрқайсысы жеке реестерде беріліп, мағынасы түсіндіріледі
- B. Тұлғалық жүйесіне орай қайталанып беріледі
- C. Бір нұсқасы беріліп, қалғандары жақша ішінде көрсетіледі
- D. Жеке мағыналық реңкке ие болғандары жеке реестрде, басқалары және сөзі арқылы ажыратылып, қатар беріледі
- E. Көп қолданылатын нұсқасы ғана сөздікке енгізілед

\$\$\$50. Орфография нені айқындайды?

- A. Жазба тілдің белгілі бір даму кезеңіндегі нормаларын айқындайды
- B. Сөздің дұрыс айтылу нормаларын
- C. Белгілі бір кезеңге тән қолданыстағы сөздер қорын айқындайды
- D. Сөздердің жарыспалы нұсқаларын бір жүйеге келтіред
- E. Әріптердің қолдану ережелерін айқындайды

\$\$\$51. Берілген сөздерде қосымшалардың жіңішке жалғануы немен байланысты: рульге, осьтің, ролі

- A. Сөздің соңғы буынына байланысты
- B. Сөз ішіндегі дауыстыларға қатысты
- C. Сөз соңындағы дауыссыз дыбыстың жіңішке дыбысталуына байланысты
- D. Орыс тілінен енген сөзге қосымша жіңішке жалғанады
- E. Берілген жалғаулардың жуан варианты жоқ болғандықтан

\$\$\$52. ль дыбысына аяқталған кірме сөздерге қазақ тілінің 3-жақ тәуелдік жалғауы қалай жалғанады?

- A. Жіңішке
- B. Жуан
- C. Сөздің соңғы буынына байланысты
- D. Сөздің ішіндегі дауыстыларға байланысты
- E. Сөздің соңғы дауыссызына қатысты



\$\$\$53. Кінә, күнә, Күләш, Іңкәр сөздеріне қай қосымшалар сәйкес келеді?

- A. –леу, -ге, -тер, -лер
- B. –лау, -ға, -тар, -лар
- C. -дан, -лер, -ке -дің
- D. –ден, -лар, -қа, -ден
- E. –ге, -ден, -ке, -дан

\$\$\$54. Қандай дауыссыздар тізбегіне біткен сөздерге соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарамастан қосымша жіңішке жалғанады?

- A. Ог, уг
- B. -Ов, -ев
- C. Ск, кс, кт, нг, нт,
- D. ль
- E. сс, лл, тт, зд, кк

\$\$\$55. Қандай дауыссыздар тізбегіне біткен орыс тілі сөздеріне қазақ тілінің қосымшалары ы, і дәнекері арқылы жалғанады?

- A. сс, лл, тт, зд, кк
- B. Ск, кс, кт, нг, нт
- C. Ст, кст, сть
- D. Нд, нз, нк, мп, мб, кт, ск, вт
- E. ог, уг

\$\$\$56. Қазақ тілінің қосымшалары жалғанғанда сөздің соңындағы қандай дауыссыздар тізбегінің соңғы дыбыстары түсіріліп жазылады?

- A. Нд, нз, нк, мп, мб, кт, ск, вт
- B. Ск, кс, кт, нг, нт
- C. Нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр
- D. Мәдени лексиканы байыту
- E. Сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть

\$\$\$57. Қай сөз қатарларына қазақ тілі қосымшалары ешқандай дәнекерсіз буын үндестігі бойынша тікелей жалғанады?

- A. педагог, плуг
- B. Финанс, аванс, цифр, цемент
- C. штамп, киоск
- D. факт, Омск, шланг,рецепт
- E. экспромт, лифт

\$\$\$58. Дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда соңғы қатаң дыбысы ұяңдамайтын сөздер қатары

- A. Тарақ, күрек, блок
- B. Клуб, педагог

- С. принцип, окоп, цех, телескоп
- Д. лагерь, бандероль, фестиваль
- Е. тюль, князь, верфь

\$\$\$59. Орыс тілінен енген к, г дыбыстарына біткен сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қалай жалғанады?

- А. К,г дыбыстары жіңішке естілгендіктен жіңішке қосымша жалғанады
- В. К,г дыбыстарының жіңішкелігіне қарамастан жуан қосымша жалғанады
- С. Сөздің ішіндегі дауысты жуан болса – жіңішке, дауысты жіңішке болса, жуан қосымша жалғанады
- Д. Ы, і дәнекері арқылы
- Е. сөздің соңғы буынындағы дауыстының әуеніне қарай

\$\$\$60. Сөздің соңғы дыбысы қатаң не в,б,г,д ұяңдарының біріне бітсе қосымша қандай дыбыстан басталады?

- А. Қатаң
- В. Ұяң
- С. Үнді
- Д. Жуан
- Е. Жіңішке

\$\$\$61. Қазақша айтылуынша жазылатын кірме сөздер қатары

- А. Кассет, газет, капсул
- В. Бұқара, пікір, пайда, наурыз
- С. Бәтеңке, генерал, бухгалтер
- Д. Палуан, ертегі
- Е. Вальс, асфальт

\$\$\$62. Сөздің жуан-жіңішкелігіне қарамастан й және ш дыбыстарына аяқталған жалқы есімдерге жалғанатын қосымшалар

- А. –ов, -ова, -ин
- В. –и, -тай, -жан
- С. –еке, -мыс, -міс
- Д. –ев, -ева
- Е. –мен, -бен

\$\$\$63. Сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанатын қосымшалар қатары

- А. –кер, -қары, -кері
- В. –мен, -паз, -қор, -қой
- С. –кеш, -малы, -мелі
- Д. –ған, -дық, -шы
- Е. –гершілік, -тық, -пан, -ші

\$\$\$64. Мусин, Жумин, Букин тәрізді кісі тектері қалай жасалған?

А. Текті білдіретін қосымша түбірдің соңғы дыбысының ыңғайымен жалғанған

В. Түбірдің соңынан дәнекер дыбыс қосылған

С. Орыс тіліндегі сөздердің түбірі сақталған

Д. ұ,ү,о,ө дыбыстары у болып өзгерген

Е. Мус, Жум, Бук түбірлерінен жасалған

\$\$\$65. Мына ереже қай қатарға сәйкеседі: Соңғы екі дауыссыздың арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерге қазақ тілі қосымшасы буын үндестігі бойынша жалғанады

А. Асфальт-қа, рельс-ке

В. лагерь-ге, бандероль-дар, фестивал-дан

С. тюль-дер, ткань-нен

Д. Танк-тер

Е. Омск-і-нің

\$\$\$66. Соңғы буынында у дыбысы бар орыс тілінен енген сөздерге қазақ тілі қосымшалары қалай жалғанады?

А. Жіңішке жалғанады

В. Буын үндестігі бойынша

С. Жуан жалғанады

Д. Әрі жуан, әрі жіңішке жалғанады

Е. Бірде жуан, бірде жіңішке жалғанады

\$\$\$67. Қосымшалар буын үндестігіне бағынбай, үнемі жіңішке жалғанатын сөздер қатары

А. Бамбук-тің, маяк-қа

В. Асфальт-қа, рельс-ке

С. Магнит-тің, кассир-ден, синтаксис-тік

Д. Уәде-сіз, өзге-ден, бата-мен, дауа-сы

Е. Полюс-ті, актёр-ден, дуэль-ге

\$\$\$68. Берілген ережеге сәйкес мысалдар қатары: Жеке әріптер объект болып, оған қосымша жалғанғанда, сол объектілердің әуеніне қарай жуан не жіңішке болып, дефис арқылы жалғанады

А. А-ның айтылуы ә-ден өзгеше

В. АҚШ-қа, МТЗ-82-ге

С. 20-сы қалды

Д. Ұзындығы 10 см-ге жуық

Е. Қазақтардың үлесі 70 %-ға жетті

\$\$\$69. Берілген ережеге сәйкес мысалдар қатары: пайызды, градусты білдіретін қысқарған сөздерге қосымша осы сөздердің толық айтылғандағы әуеніне қарай жуан не жіңішке болып, дефис арқылы жалғанады

- A. А-ның айтылуы ә-ден өзгеше
- B. АҚШ-қа, МТЗ-82-ге
- C. 20-сы қалды
- D. Ұзындығы 10 см-ге жуық
- E. Қазақтардың үлесі 70 %-ға жетті

\$\$\$70. Түбірге қосылып жазылып тұрған шылауларды табыңыздар

- A. Ананың көңілі балада
- B. Біз әншідеміз, бишідеміз
- C. Үйге қайтасың ба?
- D. Пәлі, әншім-ақ екен!
- E. Соның ықпалы-мыс...

\$\$\$71. Түбірге қосылып жазылып тұрған шылауларды табыңыздар

- A. Қарамаймысың көзіңе!
- B. Адамның баласысың ба, атаның баласысың ба?
- C. Ол да, мен де үнсізбіз.
- D. Көрмегенім мақұл.
- E. Жазбадың ғой!

\$\$\$72. Түбірден бөлек жазылуға тиісті шылауды табыңыз

- A. Кешегіні тағы бір рет айтып бер(дағы)
- B. Үндеумен таныстың(ба)?
- C. Кәрі жырау мен(дағы)
- D. Ақсақалды қария аян беріпті(мыс)
- E. Ол да бір жүрген ғалым(сымақ)

\$\$\$73. Дұрыс жазылмаған сөздер қатары

- A. Тиын, қиынды, жуынды
- B. Еридi, ийдi, сыйымды
- C. Байиды, кейимін
- D. Саууын, қууын, буулы
- E. Такыя, дүрия, қыйу

\$\$\$74. Қосымша жалғанумен байланысты түбірдегі ы,і әріптері түсірілген сөздер

- A. Қияды, сыйлық
- B. Кейуана, миуа
- C. Тасиды, ұйиды, ерні
- D. Иісті, ырысты
- E. Рақмет, лезде

\$\$\$75. У әрпі неше түрлі қызмет атқарады (неше түрлі дыбысты таңбалайды)?

- A. Үш

- В. Екі
- С. Бір
- Д. Ешқандай
- Е. Төрт

\$\$\$76. У дыбысы қай сөздерде үу түрінде жазылады

- А. түйуу, сүйуу сөздерінде
- В. Күлүү, түрүү сөздерінде
- С. Түү, шүү сөздерінде
- Д. Үу түрінде айтылғанмен жалаң у түрінде жазылады
- Е. Орыс тілінен енген сөздерде

\$\$\$77. И(й) әрпінің емлеге сай жазылуы

- А. Қарыя, ылғый, мыйадан, тоқыйды
- В. Тыйса, сыяды, сыйынатын, қиын, ериді
- С. Қыйындық, қыйнайды, іймек
- Д. Тью, жыяды
- Е. Тійін, Тыйын

\$\$\$78. «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды» деп жазған ғалым.

- А. Қ.Жұбанов
- В. А.Байтұрсынов
- С. М.Балақаев
- Д. І.Кеңесбаев
- Е. Р.Сыздық

\$\$\$79. Б,г,д,в дыбыс әріптерінің сөз соңында жазылуына байланысты қазақ тілі орфографиясына қандай қайшылық туады?

- А. Бұндай дыбыстар қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді
- В. Ешқандай қайшылық тумайды
- С. Айтылуы мен жазылуы сәйкеспейді
- Д. Қосымша ұяңнан басталады
- Е. Сөз ұяң дыбысқа аяқталғанына қарамастан, қосымша қатаңнан басталады

\$\$\$80. –ог, -уг дыбыс тіркесімен аяқталған сөздер қазақ тілі заңдылығына бағынады ма? Бағынбаса, қай тұрғыда?

- А. Бағынады
- В. Қазақ тілінің дыбыс үндестігі заңдылығына бағынбайды
- С. Қазақ тілінің буын үндестігі заңдылығына бағынбайды
- Д. Қазақ тілінің буын және дыбыс үндестігі заңдылығына бағынбайды
- Е. Бағынады. Бірақ қосымшалар дәнекер дыбыстар арқылы жалғанады

\$\$\$81. Гео, аэро, авиа, стерео сөздерінде қазақ тіліне жат қандай сәйкессіздік бар?

- A. Қазақ тілінің буын үндестігіне қайшы келеді
- B. Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар тұрмайды
- C. Буынға бөлінбейді
- D. Тасымалданбайды
- E. Екпін түспейді

\$\$\$82. Қазақ тіліндегі айтылуы мен жазылуы сәйкеспейтін кірме сөздер қатары

- A. Бәтеңке, самаурын, қамыт
- B. Трактор, станок, врач, практика
- C. Дәптер, тарих, пікір
- D. Реніш, разы, балалар
- E. Қуыршақ, суат, қимастық

\$\$\$83. «Қазіргі и,у дыбыстары көне түркілік созылыңқы дыбыстардың орнына пайда болған» деп пікір айтқан ғалым

- A. Ж.Аралбаев
- B. І.Кеңесбаев
- C. С.Мырзабеков
- D. Қ.Жұбанов
- E. А.Байтұрсынов

\$\$\$84. А.Байтұрсынұлы и,у дыбыстарының жазылу емлесіне байланысты қандай пікірді ұстанды?

- A. Дифтонг дыбыстар деп көрсетті
- B. Созылыңқы дауысты деп көрсетті
- C. жеке дауысты дыбыс ретінде қарастырмады
- D. Бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыс деп таныды
- E. Жеке дауысты дыбыс деп көрсетті

\$\$\$85. І.Кеңесбаев и,у әріптерін не себептен қосынды дыбыстардың таңбалары деп түсіндірді?

- A. Айтуда қосарлы дыбыс түрінде естілетіндіктен
- B. Жазуда жұп әріптермен жазылатындықтан
- C. Айтуда бір дыбыстың созылыңқы естілуіне байланысты
- D. Бірдей әріптер қайталанып келеді
- E. Бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбысты таңбалайтындықтан

\$\$\$86. А.Байтұрсынұлы « /у/ сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі /құрак/, /құлак/, /құрғақ/ деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын һәм анық айтылады» деген пікірді қай дыбыстарды бір-бірінен ажырату үшін айтқан еді?

- A. и және у

- В. ұу және үу
- С. у және ұ
- Д. дауысты у және үнді у
- Е. Жуан у және жіңішке у

\$\$\$87. А.Байтұрсынұлы /қйқм/, /тйн/, /қйн/ сөздеріндегі й-дің дауыссыздан кейін тұруын қалай түсіндіреді?

- А. Оның алдында жазылмайтын ы бар деп түсіндіреді
- В. й әрпін дауысты и-дің орнына алып отыр
- С. Қазақ тілінде дауысты и болмағандықтан
- Д. Дауыссыз дыбыстан кейін и дыбысы дауыссыз й-ді таңбалайды
- Е. и дыбысының созылыңқылығын таңбалау үшін

\$\$\$88. Қ.Жұбанов и мен у дыбыстарының таңбалануына қатысты қандай көзқарас ұстанды?

- А. Созылыңқы дыбыстар ретінде ий, уу түрінде таңбалауды ұсынды
- В. Дифтонг дыбыстар ретінде ұу, үу, ый, ій түрінде таңбалауды ұсынды
- С. ұу, үу, ый, ій дыбыс тіркестерінің орнына бір ғана и, у әріптерін алып, оларды дербес дыбыстар таңбасы ретінде таныды
- Д. Арнайы пікір білдіпген жоқ
- Е. Дербес дауысты дыбыс ретінде тануға қарсы болды

\$\$\$89. «Дыбыстың түрін жалғауға қарап тану – қазақ тілін зерттеу тарихының төменгі сатыда жүрген кезіндегі кустаршылдықтың қалдығы» деп баға берген лингвист ғалым

- А. Қ.Жұбанов
- В. І.Кеңесбаев
- С. С.Мырзабеков
- Д. Ж.Аралбаев
- Е. А.Байтұрсынов

\$\$\$90. В.Радлов қазақ тіліндегі и,у дыбыстарын қандай дыбыстар деп атады?

- А. «Созылыңқы дауысты»
- В. «Дифтонг»
- С. «Созылыңқы дауыссыз»
- Д. «Дара дауысты»
- Е. «Ұзын дауысты»

\$\$\$91. ұу, үу, ый, ій дыбыс тіркестерінің орнына бір ғана и, у әріптерін алудың қазақ тіліндегі буын заңдылығына қандай зияны бар?

- А. Сөз ортасындағы буын дауыстыдан басталады
- В. Сөздің буын саны артады
- С. Сөздің буын саны кемиді
- Д. Сөз ортасында екі дауысты қатар тұрады

Е. Сөз ортасында екі дауыссыз қатар тұрады

\$\$\$92. Жуан не жіңішке айтылуын жазылуына қарап ажырату қиындық келтіретін сөздер

- А. Тиын, тиін
- В. мыйық, тыйым
- С. ми, ти
- Д. Тиімді, қиын
- Е. шай, шәй

\$\$\$93. Жуан не жіңішке айтылып, жазылуы бір ізге түсе қоймаған сөздер қатары

- А. Қасиет, жайырақ
- В. Сәлематсыз, әңгіме
- С. Қадыр, қайтіп, зәрезап
- Д. Жай, миық, би
- Е. Биік, кейуана

\$\$\$94. Дауысты, дауыссыз дыбыс тіркестерінің таңбасы ретінде алынғанына қарамастан бір кездері жеке дауысты дыбыс ретінде қарастырылып келген әріптер

- А. и, у
- В. й, у
- С. а, ә
- Д. ы, і
- Е. ю, я, ё

\$\$\$95. Р, л әріптерінің алдынан ы және і әріптері жазылатын сөздер

- А. (і)лім, (ы)рым
- В. (ы)рым, (ы)рық
- С. (ы)рухани, (ы)ру
- Д. (і)реніш, (ы)лақ, (ы)рақмет
- Е. (і)рет, (і)реңсіз

\$\$\$96. Орфографиялық емле бойынша бөлек жазылатын сөздер қатары

- А. Анықтауыш пен анықталушы сөздер
- В. Біріккен сөздер
- С. Қос сөздер
- Д. Түбір мен қосымша
- Е. Кіріккен сөздер

\$\$\$97. Біріккен сөз болатын атаулар қатары

- А. Ғылым мен техниканың әртүрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған күрделі атаулар
- В. Ру аттарынан жасалған туынды сөздер



- C. Мал құс атаулары
- D. Географиялық атаулар
- E. Адамның өз аты, тегі

\$\$\$98. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

- A. Сол әңгімелерді ол аса шеберлікпен айтып берді.
- B. Тірісінде тозақ дәмін татқасын
- C. Бұл анамыздың үлкен ағасына сәлем беріп шығыпты.
- D. Өмір дегенің бір күндік сәуле екен ғой
- E. О Өмір! Неғылған сиқыр едің?

\$\$\$99. Үтір қойылатын сөйлем

- A. Өміріме жол нұсқар ақылшы адам таппадым.
- B. Тірісінде тозақ дәмін татқасын.
- C. Күлкінің иесі қызды біз енді жақсылап көрдік.
- D. Балалары біздер тірі тұрғанда апам кедейшілікті ойлайтын кісі емес еді.
- E. О Өмір! Неғылған сиқыр едің?

\$\$\$100. Сөйлем ішіндегі сызықшаның қойылу себебі: Біраз жүрген соң Асан – күндіз көп жүріп шаршаған бала – ұйықтап қалды.

- A. Қаратпа сөзге қатысты
- B. Қыстырма сөзбен байланысты
- C. Бастауыш пен баяндауыштың арасы
- D. Төл сөз бен төлеу сөзге байланысты
- E. Оңашаланған айқындауышқа байланысты